

Ақбөбек

Адам пендесі үшін тіршіліктің тірегі де мағынасы да – Ұлы Жаратылыс сыйға тартқан – махаббат сезімі!.. Ғашықтық сезім!..

Тумақ бар да өлмек бар. Демек ғашықтық пен қайғы сезімдері өмірде қатар аяқ басып, қатар жасайды.

Шынайы махаббат иелеріне не заманы, не адамы кедергі жасап, сезімдері сәтсіздікке ұшыраса, арты қасіретке айналып ел назарына ілінсе, замандастары кезінде қуғынға ұшыратқанымен артқы ұрпағы оларды ақтаған, олар қасіретіне ел болып қайғырған.

Баян мен Қозы, Еңлік пен Кебек, Ақбөбек пен Қайып махаббаттары бір-біріне қандай ұқсас болса, ұрпақтарының оларға деген ықыласы да сондай ұқсас. Құлшардай кемеңгері бар ел, Қойшы баладай өшпес жады бар халық ешқашан оларды ұмытпайды.

Ерлік тек ер азамат ісі емес. Қысылтаң шақта, екіталай шақта ерлікке әйелдер ерлерден бұрын барады. Сондықтан да Ақбөбек ерлігі, Ақбөбек махаббаты халық махаббатының, әйел ерлігінің символындай болса, Қайыптай бейнелер қасиетті халық өнерінің символы.

Ақбөбек-Қайып уақиғалары 1881 жылы басталып, Маңғыстау өңірін дүр сілкіндірген екен. Бұл қасіретті махаббат туралы кезінде саздар мен әндер шығарылған. Олар ел жадында сақталып, әлі күнге жырланып келеді.

Махаббаттың ең қасиетті құбылыс екенін әйгілеумен келеді.

Басты кейіпкерлер:

Бөбек – Есжан байдың қызы, әнші, 16 жаста.

Қайып – зергер-етікші, сазгер-күйші, ақын-әнші, өнерлі жігіт, 23 жаста.

Дина – Бөбектің жеңгесі, 20 жаста.

Есжан бай – Бөбектің әкесі, 50 жаста.

Сәнтөре – Бөбектің анасы, 40 жаста.

Қойлыбай – Есжан байдың ұлы, 25 жаста.

Мамыртай – Есжан аулының қарт кісісі.

Итбай бай – Есбергеннің әкесі, 50 жаста.

Гүлсара – Есбергеннің шешесі, 40 жаста.

Есберген – Итбай байдың баласы, 25 жаста.

Кедей батыр – Итбай аулының адамы, 35 жаста.

Қойшы бала – Итбай аулының жалшысы, 10-12 жаста.

Бегей – орта жастағы өз аулының бас көтерген азаматы.

Бегей Бәйбішесі – Қайыптың рулас апасы.
Қайыптың құрдасы – Бегей аулының жігіті.
Құлшар – атақты күйші, қарт адам.
Қарт кісі.
Нөкер жігіт.
Жігіттер, қыздар.
Ауыл адамдары.

Бірінші бөлім

Алғы сөз	4
1-көрініс. Кездесу.	6
2-көрініс. Төбе басындағы кеңес.	7
3-көрініс. Есжан бай үйіндегі әңгіме.	9
4-көрініс. Шебер үйінің сырты. Күй сазы. Бөбек пен Дина.	15
5-көрініс. Шебер үйінің іші. Алғашқы кездесу. Алғашқы сезім.	15
6-көрініс. Айтыс.	19
7-көрініс. Шебер үйінің сырты. Даладан тыңдалған ән.	20
8-көрініс. Бай үйінің іші. Той қамы.	24
9-көрініс. Түн. Шебер үйінің сырты. Бөбек сыры. Табысу.	26
10-көрініс. Есжан үйі.	30
11-көрініс. Дина мен Бөбек шебер үйінде.	30
12-көрініс. Ғашықтар шешімі.	32
13-көрініс. Есжан үйіндегі қапылыс.	34

Екінші бөлім

1-көрініс. Бегей ауылы.	37
2-көрініс. Итбай ауылы.	40
3-көрініс. Кедей мен Есберген.	43
4-көрініс. Қалашылардың оралуы.	47
5-көрініс. Қайып қасіреті.	48
6-көрініс. Қойшы бала.	50
7-көрініс. Бөбек пен қойшы бала.	52
8-көрініс. Қайып пен Бөбек. Қашқындар.	54
9-көрініс. Тұтқындар. Құлшар. Ант.	61
10-көрініс. Итбай ауылының адамдары.	64
11-көрініс. Бөбек пен Есберген.	
12-көрініс. Қайып әнінің оралуы. “Ақбөбек” уақиғасының ақыры.	

Алғы сөз

(Сахна ашылар алдында терме сарынымен орындалып жатады).

Адай деген ел едік...
Адай деген ел едік,
Қазақтың қара баласын,
Хан ұлына теңгерген.
Жігерлі болып өссін деп,
Тентегіне жел берген.
Ортадан оза шапқанға,
Дәрежелі шен берген.
Заты қара темірге,
Күмістеп бетін өң берген.
Ақындар салған ұран-жыр,
Батырына дем берген.

Азаулыны ардақтап,
Стамболдан кем көрмей,
Алмаға атын байлаған.
Әрі көшіп жат жерге
Днепр, Донды жайлаған.
Бері қарай ен дала,
Еділге көпір салдырған.
Жайықтан өтіп дем алып,
Шалғынға атын шалдырған.

Сарайшықта кеңесіп,
Дәрежелі ханмен теңесіп,
Біздің сол бір бабалар
Отырды екен не десіп?

Қап тауында жайласа,
Адай атын қалдырып;
Азаулыдай далада,
Адай мола салдырып;
Қырымда қызын ұзатып;
Ұрымда ұлын піштіріп;
Бірде даха, бірде дай,
Массагет боп, бірде адай,

Мынау шексіз әлемнің
Төрт бұрышын кезгенде;
Жеті ханға ақыл боп,
Сыпыра жырау өткенде,
Маңғыстаудан Ауғанға,
Асан қайғы кеткенде –
Іздеді нені бабалар?
Не ойлады даналар...
Жетпеген соған бұ күнде
Ұрпағында сана бар.

Жетісу жұмақ жаннатта,
Мұңал ошақ от жағып;
Түркістан, Сауран мекендеп,
Өртіне жоңғар қақталып;
Ауыздан бірлік кеткенде,
Қазақтың ары тапталып;
Шұбырынды ақтабан,
Аты содан сақталып...
Заманнан заман өткенде
Қазақтың басы қосылып,
Жауына соққы беріпті.
Қол бастаған ерлердің
Соңына жұрты еріпті.
Беріштен шыққан Ағытай
Адайда Назар, Шотан бар,
Есенқұл мен Сабытай,
Осы ерлердің қалыпты,
Тарихта аты сақталып.
Қазақтың басы бірігіп,
Тапталған ары қазақтың,
Алынған екен ақталып;

Он сегізінші ғасырда,
Бес ғасырдай шет жүріп,
Ата қоныс Маңғыстау,
Айналып қайта жерленген.
Ата мекен жерінде,
Мерейі елдің өседі.
Қасиетті Маңғыстау
Ғашықтардың мекені.
Шынайы сезім туғызар,
Осындай дала деседі.
Жырға қостық біз бүгін,
Ақбөбек пен Қайыпты,

Есте қалған кешегі.

1- көрініс. Кездесу.

Қазақтың дархан даласы. Жайылып жатырған бір отар қой. Қойшы бала домбыра тартып, “Жамал-ай” әнін айтып отырады. Бір топ нөкерлерімен Құлшар күйші сахнаға шығады. Олардың ән тыңдап тұрғанынын бала байқамайды. Ән аяқталады.

Құлшар. Әй, бәрежелді балам, тәуір әнші екенсің! Біздей жолаушылар кездейсоқ сенің әңіңе кездесіп, көңілдерін бір көтеріп алды. Өнеріңе риза болып қалдық.

Дауыстар.

Риза болып қалдық.

Даусы қандай еді!

Болайын деп тұр екен!

Құлшар. Атың кім балам?

Қойшы бала. Ассалаумағалайком, ата! Ассалаумағалайком ағалар! Ата, әркімнің есігінде малшы болып жүрген баланың аты болушы ма еді? Оның аты “қойшы бала” болады дағы.

Құлшар. Жоқ балам, мынадай өнермен адам өмір бойы “қойшы бала” болып қалуға болмайды. Айтпасаң, қайтара сұрамадым. Бір ғажап әнші бала көрдім деп жүрермін. Мен сені ендігі жерде “әнші балам” деп еске түсіріп жүреретін боламын.

Қойшы бала. “Әнші бала” деген ат маған да ұнап тұр. Мен әнді өте жақсы көремін. Бір естігенде кез-келген әнді жаттап аламын.

Құлшар. Әнші балам! Аллатағала халықты жаратады. Солардың ішінде біреуін әнші біреуін ақын етсе, ал енді біріне не шеберлік өнер, не басқа өнер бере салады. Халық өнерсіз болмайды. Сені әнші етіп жаратқан екен, сен ел алдында сол үшін борыштысың. Сен бүкіл елдің жадысың. Ел аузына ілінген барлық әнді сол елдің өзіне айтып беруші де, ертеңгі ұрпаққа жеткізуші де сен секілділер.

Қойшы бала. Ондай кісілердің жөні басқа болатын болар-ау!

Құлшар. Жоқ балам, атақты болу өнерлінің өз қолында. Өнерлі жан өнерін дамыту жолында еңбек етпей, көптің бірі болып, сол көпке араласып кетсе ол да бір “қойшы бала” болып қала береді. Ал өз өнерін сыйласа, оның өзінікі емес халықтың мүлкі екенін түсіне алса онда ол адам өз атағына “ұлы” деген сөз жалғатады, ал елін “қазақ шетінен өнерлі халық екен” деген атаққа ілдіреді.

Қойшы бала. Атажан-ай, менің жүрегімді бір түрлі тулатып жібердіңіз ғой! Бірақ менің қолымнан не келеді дейсің?..

Құлшар. Бәрі келеді. Тек қана міндетіңе адал бол. Құдай жазса тағы да кездесерміз. Қош бол. Мен Құлшар деген атаң боламын.

Құлшарлар шығып кетеді. Бала аңырып тұрып қалады.

Қойшы бала. Құлшар күйші!.. Жаңағы кісі Құлшар ата болғаны ма?..

Біраздан соң есін жиып “Қош бол, ата”, “Қош бол Құлшар ата” деп айқайлап, қолын бұлғайды.

2-көрініс. Төбе басындағы кеңес.

Орталарында Бөбек бар, асық ойнап жүрген ауыл балаларының қасынан өткен төрт кісі (Есжан, Мамырмай, Итбай, Кедей) ауыл маңындағы төбе басына барып жайғасады.

Есжан. Алла тағала мал баққан шаруаға биыл аямай-ақ беріп тұр!.. Қараңдаршы, жердің масатыдай құлпыруын!.. Жақында күзге дейін жұрт аударып қонамыз деген жердің бәрін аралап көрдік, қалы кілемдей құлпырған қызғалдақ дала!.. Сіздер Маңғыстаудан келе жатырмыз дедіңдер ме?.. О жақтың оты қалай екен? Ел-жұрт аман ба?..

Итбай. Ел-жұрт аман, жер жақсы. Тек біздің ауылдардың қыстақтары биыл оншалықты емес секілді.

Есжан. Ел-жұрт аман болса жарар. Күзге дейін жаңбыр да жауар, жер де көгерер.

Итбай. Құда, “Тентектен тез хабар” дегендей, мен келген шаруама бірден кірісейін. “Тең-теңімен, тезек қабымен” деп біздерді айтқан болар. Жасымыз құрдас, тілегіміз мұңдас, нағыз “арасында жорға жүрер” деп айтарлықтай құдалармыз. Жаратқанның біздерге берген ырзығы да мол болды, санасып жатқан жоқпыз. Біріміздің сөзімізді біріміз жерге тастайтындай бұрын өз арамызда да, ағайын арасында да кірбің болмаған ауылдармыз. Мен саған сөзім өтеді деп келіп отырмын. Өткен жолы мына Кедей інім өзіңе сұрағымды жеткізген. Сылтау іздеп, жағдай айтып сәл нәрсені шешілмес түйінге айналдыра бермелік.

Есжан. Ау, құда, таусыла сөйлейтіндей не боп қалды, соншама?

Кедей. Есжан құда! Бұ сұрақ жалғыз Итбай құдаңыздың сұрағы емес, тұтас бір рулы елдің Сізге салып отырған салмағы. Құдай қасиет берген көріпкел бақсылар Арқада алдағы қыс малға жайлы болады деп болжап отыр. Соларға сендік. Осы қыста Маңғыстаудың ойына құламай, осы жақта қыстап қалмақ ойымыз бар. Өзің білесің, Маңғыстаудан осы жерге дейін үдіре көшкенде бір айлық, асықпасаң екі айлық мезгіл. Қызыңыз ержетті. Балалар тойын күзде жасаймыз деген уәделерің бар екен. Ауыл арасы қашықтамай тұрғанда осы жазда тойды өткізіп жібергендерің бізге де, сізге де ыңғайлы емес пе...

Арттағы еліміз біздерді шаруаны бітіріп келеді деп, құдасына беделі өтеді деп сеніп қалды.

Есжан. Ай, Кедей шырағым-ай, тойды жасай салайық, қызды ұзата салайық деу айтар ауызға оңай болғанмен, біз үшін орындалуы қиын шаруа болып тұр. Жалғыз қыз еді. Бетіне жел боп тимей өсіріп едік.

Кедей. Есеке-ау, бар қазақ қызын солай өсіреді емес пе! Бой жетті. Он алтыдағы қыз баланың не ойы бар екенін кім білген... Мүмкін ішінен “мені тезірек неге ұзатпай жүр екен әкем” дейтін шығар...

Есжан. Тәйт, әрі! Не деп кеттің! Бөбекжан: “Мен ұлмын”, – деп, әлі күнге қыз киімін иығына ілместен келеді. Анау асық ойнап жүрген балалардың ішіндегі қызыл телпектісі сол, болашақ келіндерің.

Кедей. Не дейді? Ұзатылайын деп отырған қызды балалармен асық ойнатып қояды деген не сұмдық? Еркелеткенде де солай еркелете ме, әсіресе, қыз баланы?.. “Ата-баба жолы” деген, ешкімнің қол тигізуге қақысы жоқ, қасиетті құрандай ережеміз бар емес пе?

Мамыртай. (*Жұмсарта*) Бөбекжан еркелеу, бірақ ақылды бала.

Кедей. Еркелік мін болмайды!.. Ақыл азық болмайды!.. Келін боп түскен кез-келген ерке қыз, бір-екі қажарлы абысындарының қолына түскесін, жіптіктей болып шыға келмейтін бе еді, тәйірі! Ақылы да кіреді, еркелігі де басылады...

Мамыртай. Есекеңнің бәйбішесінің қорқып жүргені де сол ғой. Бұл бала ақылды да қайсар бала. Ертең жас келінді тезге саламыз деп сындырып аласындар ма, кім біледі?

Кедей. Тез қасында қисық ағаш жатпайды демеуші ме еді. Айттым ғой, сынбайды, түзетіледі. Түзетілгенде де жіптіктей болады, мызылып шыға келеді, әлі...

Есжан. Менің де қорқып жүргенім біздің елдің осы мінезі. Бөбек маған үлдан да қадірлі бала еді. Айтқанын істемесем, ол баланың жүрегіне жазылмас жара саламын-ау деп қорқамын. Қалың малы алынған, бала сіздердікі, несіне асығасыздар?.. Әлі де бір жылдай жүре тұрса, бойынан балалығы кетер еді деп, бәйбішем зарланады да отырады.

Итбай.

“Төре тайғақ болса бітіп болмас,

Төбе тайғақ болса шығып болмас” – дегендей, Есеке! Пайғамбар жасына жақындағанда, бойынан желі кетпеген бозбала сөзін айтып отырсыз ғой... Қазақтың қай қызы өз дегенін істету үшін туатын еді.

Есжан. Солайы солай ғой...

Кедей. Міне сөз!.. Сөз солай болғасын іс тынды емес пе! Сіздің солайыңызды біз де “Солай” деп түсінеміз! Сол сөзге тоқталық!.. “Жарайды!” деген бір ауыз сөзді сағызша шайнамалық.

Итбай. Есеке осылай бір ыңғайға қарай қисайғаның дұрыс болды. Бәрімізде балаларымызды жақсы көреміз. Бәрімізде қызымызды қимаймыз. Ал сіз болсаңыз он алтыға толған қызды бала деп әртүрлі

дәлелдерге көп жүгініп кетіп едіңіз. Осыған қарап мен Сіздің құдалық пейіліңізге күдіктене бастап едім.

Есжан. Астафралла, не дейді! Ойпырмай, адам көңіліне шайтан кірсе, ойламайтыны болмайды екен-ау!

Кедей. Болмай жатып, құдаңызды “шайтан көңілді” деп, күнәға батпаңыз. Сіздің көңіліңіздің де қандай екенін бір Жаратқанның өзі біледі.

Есжан. Астафралла, астафралла! Алғашқы кездесуіміз осылай басталса, біз жарасымды құда болып жарыта алсақ жарар еді?..

Кедей. Есеке! Сіз бір сөзіңізден бір сөзіңізді асырып, не деп барасыз! “Шайтан көңіл” дейсіз бе, “құда болып жарытпаспыз” дейсіз бе! Есіңізде болсын, жаңағы сіз айтқан “шайтан” өзіңіздің көңіліңізді арбап, уәдеңізді бұзып, қызыңызды басқа біреуге бергіңіз келіп жүрсе... одан Құдай сақтағай... ондай күн туса, құрметпен ұзатылып, ардақталып келін болып түсетін балаң, ат көтіне өңгеріліп қалып жүрмесін...

Итбай. Батыр, сабаңа түс... Аңдаусыз ауыздан шыққан сөз ғой...

Мамыртай. Құдалар, сабыр... Сабыр етіңдер. Өздеріңіз қақпайлап апарып, зорлап айтқызың бір ауыз сөз соңын құдаламалық. Еліміз бар, жұртымыз бар, біз де баламызды ат көтіне өңгерте қоймаспыз. Ал, әзірге сабыр сақталық. Бұл ауыл Сіздерге қыз бермейміз деп әзірге айтқан жоқ.

Кедей. Солай жөнге көшкен дұрыс. Әйтпесе, өткен жолы мен келгенде-ақ келісе салатын шаруа, енді жүргеніміз мынау, қайта-қайта сабылып...

Мамыртай. Кедей мырза! Сіз де байқап сөйлеңіз. Бір рет жау қайтарған ерлердің қосын бастап едім, жесір айырып едім деп, қашаңғы сойылыңызды шошаңдатасыз, өзіңіздің еліңізге. Сол кезде Сізге жау қайтарысқан да, жесір айырысқан да осы ауылдың жігіттері болатын.

Итбай. Ай Кедей-ай! Байқасашы, бұлар Хиюаның барымташылары емес өзіңнің құдаларың емес пе?

Есжан. Сабыр, сабыр құдалар. Қыз сіздердікі дедік қой. Қыздың үйде анасы отыр. Бәйбішемен ақылдасайық. Кәзір қонақ астарың дайындалып жатыр. Астан кейін жауабын аларсыңдар.

Орындарынан тұрады.

Шымылдық.

3-көрініс. Есжан бай үйіндегі әңгіме.

Есжан бай үйі. Мамыртай, Есжан, Сәнтөре, Қойлыбай ақылдасып отырады.

Есжан. Бәйбіше! Ауылға құда келіп жатырғанда қызыңа ер балалармен асық ойнатып қойғаның не? Атасының алдынан жүгіріп өтті, жаңа. Баланың жүріс-тұрысына мән берер уақыт жетті ғой.

Үйге Дина кіріп, үлкендерге тізесін бүгіп сәлем етеді. Үйдегілер “бақытты бол”, “Тәңір жарылғасын” деп баталарын береді. Дина енесінің қасына жайғасады.

Сәнтөре. Ұл киімін киіп жүгіріп жүрген баланы менің келінім деп ойлай қояр деймісің. Балаға ойнама деп қалай айтарсың. Ал құдаң неғып жүр екен?

Есжан. Итбай бай қолқа салуға енді өзі келіпті. Биыл Арқаны қыстамақ ойымыз бар, күзде Маңғыстау ойына құламаймыз дейді.

Қойлыбай. Биыл бізге де сол дұрыс болар еді.

Есжан. Жоқ, біз Маңғыстауда қыстаймыз. Бала-шаға туған жерге жат болып кетеді. Хиюамен қырық жыл қырқысып зорға босатып алған ата қонысты, бәлен жердің шөбі жақсы екен деп, кімге қалдырмақсыңдар?

Сәнтөре. Ал, сонымен...

Есжан. Сонымен олар балалар тойын осы жазда өткізіп жіберелік деп салмақ салады. Қандай жауап қайтарамыз?

Сәнтөре. Не дейді? Әлі бала емес пе?

Есжан. Бәйбіше! Өзіңнің он бес жасыңда осы үйдің түндігін ашқаныңды ұмыттың ба? Бәбек он алтыға толды ғой.

Сәнтөре. Жаста тұрған не бар. Біреу ерте жетіседі, біз жетісіп үлгерген болармыз, кезінде. Көріп жүрміз ғой, біреу кеш жетіседі. Біздің бала әлі бой жетіп үлгерген жоқ. Енді бір-екі жылдай күтсе денесі пісіп, санасы жетісіп деген сияқты, тұрмыс құруға дайын болар еді. Бұл өмірде піспей ұзатылған қыздың көрер қорлығындай азап бар деймісің!

Тұншыға жыламсырайды.

Дина. Бәпежанның, шынында да, балалық қылығы әлі тарай қойған жоқ. Екі жақтың да келіскен уақыты алдағы күз емес пе, сол күзді күткен дұрыс секілді.

Есжан. Шырағым-ай, сен де қосылып кеттің бе, мына енеңе... Бірақ ойламай отырған бір нәрселерің бар ғой. Ер назарын қалай қайтарарсың? Ана келіп отырған екі кісінің арғы жағында бір рулы ел жатыр, салмақ салып... Олар Арқаны қыстап қалса, біз Маңғыстауға көшсек ел арасы бір айлық жолға қашықтайды. Құдаларымыздың жағдайын ойласақ келіскен дұрыс секілді. Бәбекжанмен ақылдассақ па екен?

Сәнтөре. Не деп отырсың, отағасы-ау! Қарашы ана іргеден, асық ойнап жүр емес пе? Баланың жүрегін жаралап, әлгідей сөзді айтуға кімнің аузы барады?

Есжан. Айтатын жеңгесі бар емес пе?

Дина. Айтуын айтармыз-ау, бірақ ол көне қоймас. Өткенде бір әңгіменің ретінде тойды бір жылға кідірте тұрындар деп әкемнен сұраймын, әкем менің сұрағымды ешқашан екі етпейді деп сеніп отырған.

Есжан. Алда, айналайыным-ай, балапаным-ай! Бұл өмірдің маған бағынбайтынын ол білмейді ғой, әлі. Мықты әкем бар дейді ғой. Ал әкесін тағдыр асықша үйретінін қайдан білсін?.. Бәйбіше-ау, ақылыңды айтсаңшы, енді не істейміз?

Қалтасынан орамал алып көзін сүртеді.

Сәнтөре. Сен оларға Бөбекжанның сөзін жеткіз, бір жылға мұрсат сұра.

Есжан. Апырым-ай, қалай сұраймын, ыңғайсыз, тіпті орынсыз болатын болды-ау. Олар тойды жақындат деп бедел салады, мен болсам келісілген уақыттан да кейінге қалдырмақ боп шалқаямын? Олар бұны түсіне қоймас.

Сәнтөре. Түсіндір. Түсінеді.

Есжан. Кедей тентегін тегін ерітіп келді дейсің бе, Итбай? Өз дегенін істеткісі келсе, соны қасынан қалдырмайтын әдеті, әуелден.

Сәнтөре. Бұлар неге асықты? Біреу баламызды сыртынан өсектеп жүрген жоқ па екен, осы?

Есжан. Неде болса бізге ауыр шаруа болды. Бұлар сұрағын орындатпай қоятын емес. Сұрақтары да орынды. Ал мен соны түсіне отырып тойды кейін қалдыр деп қалай сұраймын, бетім шыдар емес.

Мамыртай. Әсіресе ана Кедей деген есері, батыр атын жамылып қоқанлоққы жасап, “ардақтаған қызыңды ат көтіне өңгертіп алма” деп, салмақ салып кетті.

Сәнтөре. Не дейді. Құдайдан ұялмай ма? Өлгі сөзден кейін қайтіп құда болмақ?

Даладан ентігіп Бөбек кіреді, қолында асықтары. Әңгіме тоқтап қалады.

Бөбек. Әке! Ана балалар мені мазақ етті, сені енді ұзатады дейді. “Күзде емес, осы жазда ұзатады” – деп, мәз болады. Енді олармен ойнамаймын да, оларға ерегескесін ұл киімін кимеймін де.

Қолындағы асықтарды лақтырып жібереді.

Дина. (Қыздың бетінен сүйеді). Ақылдым менің! Бұл сөзді періштең аузыңа салып тұр ғой сенің... Қыз киімін ки деп көндіре алмай жүргенде, міне енді, менің ақылдым, бар істің орайын өзі келтірді.

Сәнтөре. *(қызын құшақтап маңдайынан сүйеді).* Ақылыңнан айналайын! Не бар сол жаман балалардың қасында. Бой жеттің. Бой жеткен қыздың өз қызығы өз алдына. Жасау жасатамыз. Киім тіктіреміз.

Есжан. Тентек балалар ғой олар. Аузына келгенін айта береді. Кәне, айтшы, қайсысы айтып жүрген.

Бөбек. Айтпаймын. Әйтпесе, сен о баланы әкесіне сабатасың. Бірақ, Әке менің сенен бір сұрағым бар. Ана балалар: “Әкеңнің құдаларың келіпті, олар тойды осы жазда өткізейік деп әкеңді төбе басына алып шығып, қыстап жатыр” – деп, мені мазақ етті. Солары рас па?.. Егер сол сөз рас болса оларға айтыңыз – той жазда да емес, күзде де емес, келесі жылы болады деңіз.

Сәнтөре. Алда құлыншағым-ой! Әкеңді екі оттың ортасына түсіріп кетпесең етті...

Бөбек. Оты несі? Ол не қылған от?

Есжан. Келінжан, Бөбекке құдалар сұрағын жеткізіп көрші.

Есжандар шығып кетеді.

Бөбек. Жеңеше, екі оттың ортасы несі? О не дегені?

Дина. Кәзір Бөпежан! Мені асықтырма, састырма. Рет-ретімен айтайын. Құдалар ауылы биыл Маңғыстауға қайтпаймыз, осы Арқада қаламыз дейді екен.

Бөбек. Қала берсін.

Дина. Тойды күзге қалдырсақ, ел арасы ұзап кетеді, тойды келісілген уақыт күзде емес, сәл ертерек, осы жазда өткізейік дейді екен.

Бөбек. Қыз алатын олар сұрақ сұрағанда, қыз беретіндер сұрақ сұрамай ма екен? Олай болса той біз сұрағандай күзде емес, солар айтқандай жазда болсын. Бірақ менің қалауымша осы жаз емес, келесі жазда болсын.

Дина. Бөбекжан! Мен де айттым... Тек қана атам ыңғайсыз жағдайда қалып отыр. Ер назарын қалай жығамын, ар жағында бір рулы ел тұр ғой деп налыды..

Бөбек. Бұлар неменеге асығады? Неменеге жандары шығып барады?

Дина. Айттырулы қалыңдығы бар елдің, келініміз “ақ жүзді, абыройлы кезінде қашан қолымызға қонады” деп, асығатын қашаңғы әдеттері.

Бөбек. Мені біреуі қызым еді десе, біреуі болашақ келінім еді десе мен қалауымды айттым. Басқа қосарым жоқ. Болашақ күйеу балаларыңа да соны жеткізіңдер, менің атымнан. Ол өзі келіп жағдайды түсіндірмей ме екен бізге. Біздің ойымызда не бар екенін сұрамай ма? Ара түспей ме екен, қалыңдығына?

Дина. Дұрыс, жеткіземін. Бірақ күйеу әзір келе алмайды ғой. Оған ата-баба жолы ұлқсат етпейді ғой...

Бөбек. Келмесе одан әрмен.

Дина. Олай деме.

Бөбек. Қандай аңқау болғанмын... Егер мен күйеуге шықпаймын десем, әкем мені тыңдайды, ешкімге де бермейді деп ойлайтынмын. Кей-кейде күйеу дейтін пәлеге шықпай-ақ өмір сүруге болмай ма деп сұрағым да келіп кететін.

Дина. Әкең де, басқалар да елдің ыңғайында жүреді ғой. Ел әдет-ғұрпын сақтаса ғана сыйлы кісі бола алады. Мына біздің адай деген еліміздің байы да, батыры да ел еркінен тыс ештеңе істей алмайды. Ел өз дегенін істетпей қоймайды, әдетінен шығармайды. Ата-баба жолы десе болды қандай қисық та түзеліп, қандай қыңыр да жөнделіп жүре береді...

Бөбек. Егер менің қалауым, менің сұрағым оларға бос сөз болса, онда қалағандарын істей берсін. Бірақ, менен ешқайсысы: Әке де, Ата да, Күйеу де, қала берді айтып отырған адайың да менен ыстық ықылас дәметпесін. Ал мен болсам, айтқаным айтқан, өз қалағанымды істеймін. Ұзатылатын қызының бір ауыз тілегін орындамаған ел, ел бола ма?..

Дина. Түңілме, жаным!. Үйреніп кетесің ғой.

Бөбек. Үйренбеймін!..

Дина. Қамықпа, Бөпежан! Көндігіп кетесің әлі-ақ.

Бөбек. Көндікпеймін!..

Дина. Қыздардың бәрі де солай тулайтын.

Бөбек. Мен олардай емеспін...

Дина. Тағдар өз талқысына салмасын, салса түзетпей қоймас.

Бөбек. Мен талқыңа да халқыңа да көнбеймін...

Бөбек ызаланып шығып кетеді.

Дина. Мына Бөпежанның ойын балаларының бір ауыз сөзіне бола бір күнде ержетіп қалғанын-ай. Бұл тірлік ес жиғызбай қоя ма? Жиғызарды ғой есіңді.

Есжан, Сәнтөре, Мамыртайлар кіреді.

Есжан. Айттың ба? Бөбек не деді?

Дина. Қыз алатын олар салмақ салғанда қыз беретін біздердің салмақ салуға қақысы жоқ па екен? Той солар сұрағандай жазда болсын, бірақ бұ жазда емес, келесі жазда болсын деді, Бөбек.

Есжан. Солай десе солай болсын. Мен Бөбекжанды жылата алмаймын.

Мамыртай. Қиын болды-ау. Қиналды-ау, Есеке! Таразының бір басында жаныңа балаған балаң, екінші басында жолына жаныңды

берер елің мен құдаң. Қалай болғанда да бір шешімге келу керек болар. Оларды әрлі-берлі сабылтып қойып, қызықтап отыруға болмайды.

Есжан. *Қызулана сөйлейді.* Не дейсіңдер маған?.. Менен не керек осыларға?.. Солар әдейі әңгімені ушықтырғысы келеді-ау деймін?..

Мамыртай. Олардың біздің айтқанымызға көнетін реті жоқ секілді ғой.

Есжан. Олай болса мен Бөбегімнің еркінен тыс ештеңе істей алмаймын. Нағыз келіспесе қалың малыңды қайтып ал дейміз дағы... Менде басқа амал қалмады... кінә өздерінен... Болмас жерге бопса салып...

Сәнтөре. Астафралла!.. Отағасы-ай, қатты қиналыпсың ғой... Нағыз оттың ортасында жүр екенсің ғой... Мен түсінбеген екенмін... біз баланың ойынын ойнап жүр екенбіз... Бере бер келісіміңді, баламен сөйлеміз, ұғындырамыз... Ұлдың киімін кимеймін деп өзі бүгін жаңа мінез танытып жатыр... Құдай аузына салған болар... Бір реті болар...

Есжан. Апырым-ай, ә... Жарайды, бәйбіше. Баяғыдан бері осылай дұрысына көшпейсіңдер ме, адам жанын сонша қинағанша. Онда біз қонақтарға баралық. *(Есжан көңілденіп қалады).* Мәке, жауабымызды өзің айтып жеткізерсің.

Мамыртай мен Есжан шығып кетеді.

Сәнтөре. Ал келінжан! Ендігі үміт сенде. Бөпежаныңның жел жағына шығып кетпей, жанын жаралап алмай, жайлап түсіндір.

Дина. Ол түсінер де, көнер де. Тек көгімізде Шолпандай жарқырап жүрген баланы жоғалтып алатын болармыз. Білмейді екенбіз. Қайсар екен ғой өзі.

Сәнтөре. Уақыт емдейді ғой. Басылар. Сабасына түсер. Етегіне кішкентайлар жабысса бәрі де ұмыт болатын еді ғой...

Дина. Я, солайы солай ғой. Көндігер. Ене, енді бізге қыз жасауын түгендеуге кірісу қажет болар.

Сәнтөре. Дұрыс, дұрыс. Қайып деген атақты зергер, етікші, шебер бар демейтін бе еді. Соны алдырталық.

Дина. Жақсы, оны мақтаулы шебер дейді ғой, жұрт.

Сәнтөре. Қанша ерке дегенмен заты қыз емес пе, жасауы сәнді болса қызығар, содан ермек табар.

Дина. Қайдам?.. Мен Бөбектің бүгінгі мінезіне таңданып қалдым. Істеген ісі де, сөйлеген сөзі де тым салмақты, ойын баласының сөзі секілді емес... Бір күнде ержетіп қалыпты...

Шымылдық.

4-көрініс. Шебер үйінің сырты. Дина мен Бөбек.

Дина мен Бөбек шеберге тігілген кішкене қараша үйге келе жатады. Іштен естіліп жатырған “Абыл” күйінің сазын тыңдап, үйге кірмей кідіріп тұрады.

Дина. Мына күйдің қандай қасиеті бар күй еді. Адамның тұла бойын ширқтырып алып бара жатыр ғой.

Бөбек. Жеңеше бұл Абыл деген атамыздың күйі.

Дина. Кім шығарса да адамды бейжай қалдырмайтын күй екен.

Бөбек. Мына күйді тартып жатырған кім екен? Абыл күйін осылайша тарта алатын кісінде арман бар ма екен?..

Дина. Шебер жігіт күйші, әнші дейтін. Тартып жатқан да соның өзі болар.

Бөбек. Жеңеше, онда кіріп тыңдалықшы.

Дина. Кірелік. Тыңдағың келсе тағы бір тартып бер деп сұралық. Ол кісіні шақыртып, ақысын төлеп, осы жерге сен үшін алдыртып отырған жоқ па? Қолынан келгенінің бәрі біздікі.

Бөбек. Жеңеше, ұят емес пе? Жай кірелік те күй тыңдалық.

Дина. Жақсы, сенің айтқаның болсын. Кірелік те күй тыңдалық.

5-көрініс. Шебер үйінің іші.

Алғашқы кездесу. Алғашқы сезім.

Бұлар үйге кіріп жай ғана сәлемдеседі. Жігіт бұлардың кіргенін байқамай қалады. Күй де аяқталады.

Дина. *(ойнақы әзілдеп)* Жас жігіт! Қолыңыз шебер болса да, көкірегіңіз күйге толса да құлағыңызда мүкіс бар ғой деймін. Біздердің сәлемімізге жауап қатпадыңыз ғой.

Қайып. *(Қайып бұларды енді байқап, орнынан ұшып тұрады).* Есенсіздер ме? Кешіре көріңдер. Сәл нәрсеге жазықты болып қалатын бір жаман әдетім бар! Төрлетіндер деуге төрдің де түрі мынау. Шашылып жатырғаны. Ал басқасының бәрі дұрыс. Қол да дұрыс, құлақ та дұрыс. Жүрек те жақсы, тілек те жақсы.

Дина. Бәрекелде, жақсы болғаның бізге де жақсы. Келген шаруамыз мына Бөпежанға етік тіктіреміз бе деп келіп едік.

Қайып. Тағы кешірім сұрайтын болдым-ау. Келінсің бе, жеңгесің бе?.. Мен әуелі Есжан байдың ұзатылатын қызы Бөбектің етігін тігуім

керек еді. Со баланың жасауын дайындаймын. Уақыт болып жатса сосын көрерміз.

Дина. Мен сол кісінің келінімін. Біз сізге жеңге боламыз. Мына баланың аты басқаға айтқызса Сіз айтқандай, маған айтқызса – Бөпежан! Сені осы ауылға осы бала үшін алдыртқан.

Қайып. А..., а... Солай ма!.. Маған не болды? Жоқ жерден үшінші рет кешірім сұрап. Онда мен дайынмын. Таң атқалы күтіп отыр едім.

Дина. Әзірге кешірім сұрар жазығыңыз жоқ, бірақ сұрай беріңіз кешіріміңізді, ақыры бір жазықты болғанда пайдаңызға асар.

Қайып. Жарайды, пайдаға асса асар, аспаса одан да жақсы, көрерміз. Ал онда “ұрыста тұрыс жоқ” деген. Кел қарындасым, мына орындыққа отыра ғой.

Қайып жиналмалы тері орындықты жазып, Бөбекті отыруға шақырады.

Дина. Бар. Отыра ғой, Бөпежан.

Жеңгесінің артына тығылыңқырап, олардың сөздеріне көп құлақ аспай, кереге басындағы ілулі тұрған сәукеле, етік, жүзік үлгілеріне қарап қалған Бөбекті Дина итермелеп Қайып қасына жақындатады.

Қайып. Отыра ғой, қалқам.

Дина. Шебер қайным, атам сізге сәлем айтып жатыр. Бөпежанның жасауын жақсылап істесін, еңбегіне сұрағанын алады деді.

Қайып. Алла сәтін салса іс қылып шығарамыз ғой. Мен қарындасымның аяғының өлшемін алайын, Сіз ана етіктердің қай үлгісін қалайсыз, таңдай беріңіз. Сәукеле керек пе, алқа мен жүзік керек пе? Бірден айтындар. Той осы жазда болатын еді деп асықтырып жатыр. Үлгермей қапылып қалмайық. Ал ақысы туралы барлық заттар біткесін, жұмсалған мүліктерге, асыл заттарға байланысты әңгіме етеміз.

Қайып қыз аяғындағы шоңқайма етікті шешеді. Ұзын іш киім балағын балтырына дейін көтеріп, аппақ балтырға таң қалғаны байқалады. Екі алақанына салып сәл көтере ұстаған қолындағы балтырды еркінен тыс сыйпалай, шебер жанары бірте-бірте қыз сирағын, одан әрі қыз денесін бойлай қуалап, бет өңіне түседі. Қыз сұлулығына жас жігіт елтіп кеткендей, табына қараған күйінде мелшиіп, үнсіз қалады. Қыз Қайып жүзіне бір қарайды да, оны байқамағандай, көзі кереге басында болады.

Дина. Мына дүниелердің бәрі керемет. Қайсысын таңдасақ екен?

Қайып. *(Дина сөзін естімей қалады).* А, не дедіңіз?

Қайып сасып қалып, қыз аяғын ыңғайсыздау тастай сала, қалыптарды өлшестіре бастайды.

Дина. Бөпежаннан сұрап жатырмын. Қайсысы сәнді деп сұрап жатырмын.

Бөбек. Менің қай қалауымды істеп жатыр едіңдер. Маған бәрі бір.

Қайып. Бәрі бір деме, қарындасым. Әр адамның өз қалауы болғаны жақсы. Қалаған нәрсеңді ұстап-тұтсаң қуанышың көбірек болады. Мысалы менің Керторы деген атым бар. Ол жануарды мен жүз атқа, тіпті мың атқа да ауыстырмас едім. Ол менің қуанышым. Сол секілді етігіңіз өзіңізге ұнамды болса, сырғаңыз сәнді болса әр киген сайын сізге қуаныш әкелетін болады. Иесіне қуанышы жоқ болса – дүние, малдың көптігінен не пайда?

Бөбек. Ағатай, біз, мағынасы түсініксіз бола бастаған мына өмір дегеннің қуанышы болады дегенге сенуден қалған жанбыз. Енді болашақ қуаныштан дәметпек түгіл күнделікті тіршілікті қызықтаудан да қалып бара жатырмыз.

Қайып. Ойпырым-ай, қарындасым-ай! Сізді сонша торықтырарлық не боп қалды екен? Әлде болашақ жарыңыз ...

Бөбек. Жо... Жоқ... Ол емес. Менің алдымда оның ешқандай кінәсі жоқ. Мені торықтырып отырған басқа нәрсе...

Дина. Олай демеші, айналайын!

Қайып. Апырмай, ә... Сіздің соншама торыққаныңыз қиын екен?..

Дина. *(Дина Бөбек артық сөз айтып қоя ма деп ыңғайсызданып тұрады!).* Олай деме... Саған не болған?..

Бөбек. Маған не болғанын Сен түсінбесең, біздің елде мені түсінер жан қалмаған екен.

Дина. Түсінем ғой, жаным, түсінем ғой.

Қайып. Жеңгей!.. *(Әңгімені басқа тақырыпқа ауыстырмақ ойда, Динаға)* Мен Бөбектің аяғына шақ қалып тапқанша сіз қалаған үлгілерді таңдап та үлгерерсіз. *(Бөбекке)* Сіздің атыңыз Бөбек деп естідік қой.

Бөбек. Солай деп атапты ғой, әкеміз.

Қайыптың Бөбек аяғына қалып өлшестіргенінен қыз аяғын қызықтағаны ұзағырақ екені байқалады.

Қайып. Сізді қалайша Ақбөбек деп атамаған?

Бөбек. Ақбөбек деген жақсы ат па соншама?

Қайып. Жоқ, соншалықты жақсы емес, бірақ Сіз әппақсыз ғой. Сізді Ақбөбек деп атамау мүмкін емес секілді... Ат қойған кісі қалай ойланбаған? Қалай таппаған?..

Бөбек. *(Бөбек жүзінде әуесқойлық, жылылық пайда болады).* Ойланған шығар-ау, бірақ мені солай атасын деп әдейі Сізге қалдырған ғой.

Қайып. Өттең кешігіп қалғанымды-ай! Кезінде кездескенде барша жұртқа жай Бөбек емес, Ақбөбек дегізіп қоятын едім!

Бөбек жымиып күледі. Көңілдене бастайды.

Бөбек. Неге кешіктіңіз! Кешіккен жоқсыз. Құдай сәтін салған күні үйленесіз, сосын қыз балалы боласыз да атын Ақбөбек қоясыз.

Қайып. Жоқ, қарындасым! Мен енді қызымның атын емес, кім болса да алғанымның атын Ақбөбек деп өзгертетін боламын.

Бөбек. Маңдайыңызға қап-қара қыз тап болса қайтесіз?

Қайып. Қара болмақ түгіл, қазанның күйесіндей болса да, ұнатып алғасын маған о кісінің өңі ақтың ағы боп көрінер, аты да Ақбөбек болып, барша жұртты қуанышқа бөлейтін болсын. Тамаша ат қой! Тыңдаңызшы... Ақбөбек!.. Ақбөбек!.. Ақбөбек!..

Қайып балаша қуанады. Қайыптан жан-жағына бір жылы рух сәулесі тарап жатқандай... Бөбекке сол сәуле әсер еткендей...

Бөбек. Ой, шіркін-ай! Қандай жанның жұлдызы жанып тұр екен? Сол бақытты қыз қай жерде “ханнен қаперсіз” жүр екен...

Қайып. Кім білген... Бақыт дегеннің не екенін?..

Дина. *(Қолында бір етік үлгісі бар, бұлардың қасына келеді, Бөбекке қарап)* Иә сәт! қабағыңнан қар жауып, діңкемізді құртып болып едің. Осылай шырайланып жүрсеңші.

Бөбек. “Ақымақ ақыр заман болса да мәз боп жүреді” – жеңеше.

Бөбек қайтадан тұйықталып қалады.

Дина. Бөпежан, мынадай етікке қалай қарайсың?

Бөбек. Етігі несі? Мені сол ауыл шоқаймен де қабылдайды. Жүрші, кетейікші.

Дина. Келген шаруамызды тындырайық та.

Бөбек. Шаруасы несі? Құрысыншы бәрі де.

Етігін аяғына асығыс сұға салып, орнынан тұрады. Екеуі шығып кетеді.

Шымылдық.

6-көрініс. Айтыс.

Бастаңғы жасап жатырған қыз үйі. Қыздар мен жігіттер айтысады.

1-қыз: Айтысты қалай ұйымдастырамыз?

1-жігіт: Әдеттегіше төрт жолды бөліп алып айтыса берелік.

Қыздар: Келістік. Солай болсын. Қыздар мен жігіттердің әрқайсысы кезек-кезек екі жол өлең айтсын.

Жігіттер: Айтыстың ең ұтымдысы осы ғой. Біз қыздарды тағы бір рет отырғызып кететін болдық., жігіттер!..

Қыздар: Көрерміз кезінде. Ал онда бастандар, жігіттер. Ерлер отырғанда

әйелдер сөз бастамас болар.

Жігіттер: Мына қыздың шошаңдауын...

1-жігіт: Қыз дегенде қыздар бар шошаңдаған,
Еркек көрсе болғаны қашам деген, дедімай-ау.

1-қыз: Жігіттер де жігіт бар көбік ауыз,
Сілекейін сол сорлы басар немен, дедімай-ау.

2-қыз: Жігіт деуге жігіт бар момын бала,
Жыртық-жыртық байғұстың тонын қара, дедімай-ау.

2-жігіт: Күлме қыздар жігіттің шапанына,
Ұл тапқызу қолында соның ғана, дедімай-ау.

3-жігіт: Қыз дегенде қыздар бар қымыңдаған,
Еркек көрсе ес кетіп жымыңдаған, дедімай-ау.

3-қыз: Өз атағын шақырған көкек мырза,
Жала жапқан жұқпайды мұның маған, дедімай-ау.

4-қыз: Жігіт десек жігітті кесер екен,
Қыз жамандап айтары өсек екен, дедімай-ау.

4-жігіт: Жамандаған бола ма, жасы жетсе,
Есіл-дерті қыздардың төсек екен, дедімай-ау.

5-жігіт: Қыз демей ме қыздарды қылығымен,
Мына қыздар ақтайды мұны немен, дедімай-ау.

5-қыз: Қыз біткеннің мөрі бар ақталатын,
Өтейсіңдер сол мөрдің құнын немен, дедімай-ау.

1-қыз: Жігітерде жігіт бар бейпіл ауыз,
Қыз біткенді қымыздай дейтін ауыз, дедімай-ау.

1-жігіт: Қызды қымыз дегеннің айыбы не,
Несібесін қалайда жейтін ауыз, дедімай-ау.

2-жігіт: Қыз дегенде қыз біткен сараң маған,
Мен сұрасам берер қыз жаралмаған, дедімай-ау.

- 2-қыз:** Алар едің сұрасаң аузың лас,
Қия алмаймын ауызға арамдалған, дедімай-ау.
- 3-қыз:** Жігіт десем қате сөз ауыздағы,
Бұлар қасқыр, қызыл көз жауыз бәрі, дедімай-ау.
- 3-жігіт:** Қара да тұр бір қасқыр дәл бүгін түн,
Бір тоқтыны тамақтап, бауыздайды, дедімай-ау.
- 4-жігіт:** Қыз біткеннің қылығы қайда қалған,
Әлде ойнаған жігітпен сайда қалған, дедімай-ау.
- 4-қыз:** Періштедей тазамыз, не десең де,
Өз ниетің лайдан пайда болған, дедімай-ау.
- 5-қыз:** Сөздерің жоқ кісіге ой саларлық,
Қызға зәру не деміз қойса зар ғып, дедімай-ау.
- 5-жігіт:** Ой салмайды жігіттер... *сасады...* тамсанады..
жоқ олай емес... *алақтап жан-жағына қарайды...* дедімай-
ау...
- Қыздар:** *Шулап кетеді...* жігіттер жеңілді... жігіттер жеңілді...
жеңілді...
- 1-қыз:** Жігіт қайда қыздарға ой саларлық,
Анда-санда “жаным” деп қойса нандық, дедімай-ау.
Осылайша құрбылар өнер қуып,
Айтысына қыз-жігіт жол салалық, дедімай-ау.

Бәрі қосылып: Алма ағаштың гүліндей-ай,
Текеметтің түріндей-ай.
Жастық дәурен барады өтіп,
Сіз бен бізге білінбей-ай. *Екі рет қайталайды.*

7-көрініс. Шебер үйінің сырты. Даладан тыңдалған ән.

*Сахнаның бір шетінде Қайып (үй ішінде) етік тігіп, ыңылдап
“Құнан нар” әнінің сазымен жәй дауыспен ән айтып отырады.*

*Сахнаның екінші шетінде (үй сыртында) Дина мен Бөбек ән
тыңдап тұрады.*

Қайып.

Көгімде бір жұлдыз тұр жарық жанған,
Хал сұрар кім бар біздей фәріп жаннан.

Тығылып зарланамын бұ күркеде,
Кең дала қуықтай боп тарылғаннан.

Оһо-о-һоу-у-у, тарылғаннан-ай.

Аспанда бір жұлдыз бар Темірқазық,
Кертторы оза шабар бауыр жазып.

Ақбөбек тамағыңнан бір сүйгізсең,
Болар ед мен сорлыға алты ай азық.

Оһо-о-оһу-у-у, алты ай азық-ай.

*Бөбек пен Дина бір-біріне қарап таңдана, мақұлдай бас изесіп,
өнді беріле тыңдап тұрады. Ән аяқталады.*

Қайып. Беу жалған!.. Орындалмас арман!.. Зарлан, Қайып,
зарлан...

Әншінің қатты күрсінгені естіледі.

Бөбек. Ақбөбек деп ән салып отыр. Өзінің әуелден Ақбөбегі бар
кісі болды ғой.

Дина. Олай емес қой, Бөпежан-ау! Мына сорлы етікші, соры
қайнап қалыпты ғой.

Бөбек. (шошып) Сорлап? Қалай сорлайды?

Дина. Қолы жетпеске қол созғасын сорлайды.

Бөбек. Мынадай жігіттің қолы жетпесі бола ма?

Дина. Оның Ақбөбек деп отырғаны сенсің ғой, Бөпежан-ау!

Бөбек. Кім екенін кім білген?.. “Талаптыға нұр жауар” демей ме?
Ал талапты мен таланттыға нұр жауатыны рас болса мына жігіт құр
қала қоймас.

Дина. Баласың ғой, әлі! Ақылды адам түгіл, құс екеш қыран құс
та өз жобасына қарай ілерін таңдар болар.

Бөбек. Сонда армандауға да, ойлауға да болмай ма?

Дина. Оған кім тыйым салушы еді.

Бөбек. Әні қандай!..

Дина. Шынында да! Көкіректен әлгідей жыр, жүректен әлгідей саз
шығуы үшін бойдағы сүйіспеншілік сезімнің мөлшері қанша болуы
керек екен?

Бөбек. Ол нәрсе өлшенеді дейсің бе? Анадая жан-жағына өнер
шашып, жан-жағына нұр таратып тұратын жігіт түгіл, жәй біздердей
жанның сезімін өлшей алар не бар дейсің?

Дина. Мына жігіт лап етіп жалындауға айналған от қой!.. “Үп” деп
үрлеп жіберсе болды, лау ете қалғалы тұр! Саған көңілі қатты ауып
кеткен секілді сорлы жігіттің. Өзі шебер, өзі сазгер, өзі ақын!.. (Өнді
қайталайды)

Ақбөбек тамағыңнан бір сүйгізсең,

Болар ед мен сорлыға алты ай азық.

Оһо-о-оһу-у-у, алты ай азық-ай. (Дина да сезімдене күрсінеді). Ой, Алла, осы мінезің қалай? Біреуге бәрін бере саласың, ал біреуге дым да жоқ...

Бөбек. Екінші біреуіңіз біздің аға ма? (Жеңгесін келекелеп күледі).

Дина. Жоқ, сіздің ағаңыз өз шаруасына мықты жан. Өз жолын өзі білетін кісі. Ал мына бейбақ ақылсыз жігіт екен. Сорлы... Сорлы...

Бөбек. Біреуге көңілі құлаған кісі сорлай ма екен? Бақытын табады дағы. Ақындығы қандай! Сөздерін қалай қюластырған! Бұл жігіт сорлы жігіт емес. Таудай талабы бар, үйдей өнері бар адам.

Дина. Бірақ есі кемдеу болар.

Бөбек. Неге?

Дина. Есі дұрыс адам ұзатылғалы жатқан қызға ғашық бола ма екен?

Бөбек. Ғашық болар жан жан-жағын есептеп алып ғашық бола ма! Періште жүрегіне сезім тастап жіберген сәтте, бар дүниені ұмытады дағы.

Дина. Шыр жұқпаған қу кедей, бай қызына көз салып?..

Бөбек. Өнері теңестірмей ме?

Дина. Қанша өнерлі дегенмен, салт басты, сабау қамшының бірі ғой.

Бөбек. Бардың ағасы мен інісі болса, өнерлінің халқы бар емес пе?

Дина. Сен сол етікшіні қалай қорғасаң да, ұзатылғалы жатқан бай қызына үздігуі, оның есінің кемдігінің дәлелі. Сен, Бөпежан сақ бол. Ыңғай беріп, дәмелендіре көрме. Есі кем неме, аспандағы айға қол созып, қате түсініп қалар.

Бөбек. Жан-тәнімен біреуге құлай беріліп сүйе алғаннан артық тірі пендеде бақыт бар дейсің бе? Есі кем етікші емес, жеңеше... Есі кем – мен!

...Есі кем сенің Бөпежаның болып жүрмесін?

Дина. Не деп тұрсың?

Бөбек. Жеңеше! Менің жүрегімде үлкен сағыныш бар!.. Мына кісіні күндіз ойымнан, түнде түсімнен шығара алмайтын болдым... Көргім келеді де тұрады... барғым келеді де тұрады...

Дина. Бөпежан-ай, саған не болған? Ойының ба, шының ба?

Бөбек. Бар өмірімде жан сырымды соншама шынайы шындықпен тап осылай ашып айтпаған болармын, ешқашан, жеңеше! Мен ғашықпын!.. (Жеңгесін құшақтайды).

Дина. О не дегенің, Бөпежан?.. Тыйыл жаным. Байтақ елге аты жайылған Бай атаның қызы етікшімен... Масқара-ай!.. Ертең халық не дейді! Олардың құлағына ызың тисе болды, масқара болдық дей бер!

Бөбек. Біздің қазақтардың мінезі қызық халық екен! Қайыптан тайып біреу біреуге ғашық бола қалса, тек қыздың жеңгесі емес, тіпті

бүкіл ел болып масқара бола қалады екен... Сол қалай, неліктен жеңеше?

Дина. Жүр! Ойбай, жүр Бөпежан! Үйге қайталық...

Бөбек. Балаларының бір-біріне ғашық болып отау тігіп жатса ел болып масқараланғанша, ел болып қуанып жатпай ма?.. Сіз айта беретін масқара, ол не масқара?

Дина. Мынау үй сыртында тың тыңдап тұрғанымыз ұят болар. Біреу-міреу байқап қалар. Жүр! Жүр Бөпежан, үйге қайталық. Кейін келерміз. Ойбай-ай, ойбай!.. Енді не бетімді айтамын!..

Бөбек. Жеңеше неге жауап бермейсің?

Дина. Ата-бабаң ғашықтық сезімді есі дұрыс кісінің ісі десе, әлі өмірге келмегендерді атастырып, қалыңмал берісіп, тумаған балаларының өмірін олар тумастан бұрын бастамас еді...

Бөбек. Жеңеше! Мен ғашық болып қалдым! Ғашық болудың қандай бақыт екенін сен білсең ғой, шіркін! Етікші үйіне қарай бет алғанда, асығатыным соншалық, сол үйге жеткенше жүгіріп баруға дайынмын...

Дина. *(үрейлене)* Күнім-ай, сен мені қорқыта бастадың-ау!

Бөбек. *(шаттана)* Сенде қорқыныш! Менде қуаныш!

Дина. Мен артын ойлап қорқып келемін!

Бөбек. Мен қазіргі бақытыма қуанып келемін!

Дина. Ой-бой, сөйлеме!.. Үніңді шығарма! Ертең-ақ қалың ел “гу-у” ете қалар. Жусанның да құлағы бар, бұл далада. Желдің ызыңы жеткізер, өзіңнің қимылың сездірер... Құдай-ай, өзің жар бола көр!..

Екеуі үнсіз қайтып келе жатады. Кенет жұлып алғандай боп, Дина “жоқ, олай етуге болмайды ғой!” деп дауыстап жібереді.

Дина. Жоқ! Болмайды. Олай етуге қақың жоқ сенің! Шаңырағыңды, әке-шешенді масқара етесің! Ертең бүкіл ел бетіңе түкіреді! Болмайды олай етуге!

Бөбек. Сен не деп тұрсың? Кімге айтып келесің?

Дина. Саған! Мен сенің жауың емеспін. Қайт бұл райыңнан! Мен сенің болашағыңды ойлап, зәрем ұшып келеді...

Бөбек. *(мұңайып)* Мен қайтармын-ау!, бірақ жүрекке еніп кеткен ана сезім деген пәлені қалай шығарамыз? Айтқанға көне қойса болар еді? Сол пәле айтқанын тыңдатпай қоймайды ма деп қорқамын, жеңеше... Мен де, сен де кеш қалып қоймасақ болар еді?..

Дина. Өзіңе-өзің ие бола көр, жаным! Сәл шыда. Тойың жақын. Арғы жағы бір қалыпқа түсіп кетеді ғой.

Бөбек. Жоқ, жеңеше! Қалыпқа түсер реті жоқ секілді.

Дина. *(Бөбекті құшақтай алады, жалына)* Тыйыл, жаным, тыйыл!..

Бөбек. Ендеше, Жеңеше! Бірдеңеге ұрынбай тұрғанда Әкеме айтып, мына етікшіні еліне қайтарт. Етікшінің басқа біреуін алдырсын.

Мен жүректегі жынға ие бола алмай қалсам шын ұят сонда болар. Көзден таса болса, мүмкін, көкіректен өшер.

Дина. Не деп тұрсың?. Өзің ұшқалы отырған шаңырағыңның абыройын ойла. Жасы келіп қалған әке-шешенің жайғдайымен санас. Бір рулы жұртыңды бар адайға масқара етпе. Атақты шеберді қолынан іс келмеді деп қайтармайды. Жұрт не дейді? Ертең-ақ сан саққа жүгіртіп, өзіңді қарабет етіп шығарар.

Бөбек. Сондай болып қалмау үшін де о кісіні еліне қайтар деп тұрған жоқпын ба. Басқа амал жоқ секілді.

Дина. Қайт, бұл райыңнан! Есіңде болсын, ел салтынан шын кетісетін болсаң менен достық пейіл таппайсың!

Бөбек. Жан сырымды сеніп тапсырып тұрған бұл әлемдегі жалғыз жан сен едің! Бар дүние мені жалғыз қалдыруға айналдыңдар ма? Не жазығы бар еді, мендей қазақтың бір қызының, ғашық болуға болмайтындай?..

Дина. Менікі достық...

Бөбек. Жоқ, жеңеше! Алла тағала сорлы қазақ қызына дос жаратпаған секілді!.. Қайтеміз, көрерміз, маңдайға жазғанын. Жалғыз сенерім сен едің... Енді тек қана жүректегі сезімге ғана сенеміз дағы... Менің ендігі жердегі досым – сезімім ғана болады!..

Бөбек жеңге қолынан босанып, кетіп бара жатады. Дина қуып жетіп:

Дина. Менің ақ тілеуім тек қана сенің үстінде екенін өзің де білесің ғой. Ана жалғыз ағаңның тілегін де сендей тілемейтін болармын. Құдай-ай, сақтай көр, өзің. Ақылды едің ғой, саған не болған?

Енді екеуі құшақтасып бара жатады.

Шымылдық жабылады.

8-көрініс. Бай үйінің іші. Той қамы.

Есжан байдың үйі. Той қамымен әңімелесіп отырғандар.

Есжан. Байқаймын, соңғы кезде Бөбекжанның назары тәуір секілді.

Сәнтөре. Қаншама ерке дегенмен заты әйел ғой. Етікшінің қолынан шыққан әсем заттар көңілін көтеріп жүрген болар.

Есжан. Ей Алла! Жалғызымды жылата көрме.

Қойлыбай. (қуақылана) Маған жылайтындай не көрініпті? Одан да ана алдырған етікшілеріңді тежеп ұстаңдар. Жұрт оны әнші дей ме, күйші дей ме, бақсы дей ме, әйтеуір, бәрі табынып болыпты. Әйел

халқы әуелден сондайларға құмар болатын. Өзінің ақ сайтаны бар болар. Осы маңайдың тойы онсыз өтпейтін болыпты. Қыздарыңның басын айналдырып кетпесін? Жылау сонда болар. Жалғызың емес бәрің, жыларсыңдар сонда. Шеттеріңнен еңіреп қалмаңдар.

Есжан. Қой балам! Бөбекті ондай тәртіпсіздікке қалай қидың?

Сәнтөре. Жалғыз қарындасына қамқор болудың орнына айтып отырғанын қарашы. Бұ заманның жігіттері қарындасқа аға болудың да ретін білмейді. Ей, Алла! Сақтай көр, өзің!

Қойлыбай. Сол ағалық қамқорлық, біздің сөзімізде, біздің ойымызда жатырған болар.

Сәнтөре. Құда келген күні, өзі сұранып қыз киімін киіп еді. Қаншама ерке дегенмен, жас дегенмен іштей дайындығы бар ғой деймін.

Есжан. Жарайды, доғарыңдар. Балам, той күні жақындағанда көшіп қонатын, той өткізуге ыңғайлы қоныс қарастырып қой.

Қойлыбай. Қарастырдық та, таптық та. Мал түгілі аң баспасын деп қорық та қойып қойдық.

Есжан. Бәрекелді, балам. Жұрттың бәрі шаруаға сендей тиянақты болса ғой!.. Дұрыс болған.

Ал, Келін! Бөбек заттарының дайындығы қалай?

Дина. Бәрі дұрыс. Тек қана қызыңыз бітіп қалған әр нәрсенің мына жері былай екен, ана жері анадай екен деп, қайта-қайта бұздыра береді. Үлгереді ғой.

Есжан. Шеберге айтыңдар, сұрағанын алады.

Қойлыбай. Бір үйір жылқы сұраса қайтесің?

Есжан. О кісіде де жоба бар болар. Істеген заты Бөбек көңілінен шықса, не сұраса да алады. Сұрағанын береміз.

Қойлыбай. Сонша оңай олжа табады, неге шыр бітпейді, осындайларға...

Есжан. Балам! Келісіп қоялық. Егер жасау Бөбек көңілінен шығып жатса, бір үйір жылқыны шебердің өзі таңдап алады. Ал ортаңқол нәрсе боп шықса үйірді өзің таңдап берерсің.

Дина. Жұмсап жатқан асыл тастары мен алтын-күмістерінің шеті жоқ. Бөпежанның жасауы ешкімде болмаған жасау болатын болар.

Қойлыбай. Сонша асыл заттарды қайдан алады?

Дина. Қара тасты отқа салып балқытып күміс ағызып аламын дейді.

Сәнтөре. Рас па, келін?

Дина. Рас, рас...

Есжан. Жә, жетер. Шаруаларыңа барыңдар.

Кетеді. Шымылдық.

9-көрініс. Түн. Шебер үйінің сырты. Бөбек сыры. Табысу.

Түн. Бөбек жалғыз өзі жасырынып Қайып шеберханасына жақындайды. Іштен Қайыптың “Құан нар” сазымен ыңылдаған сазы, оған қосарлана балға дыбысы да естіліп тұрады. Бөбек те ыңылдап, әнді жаттап тұрады. Сахнаның бір шетінде етік тігіп отырған Қайып, екінші шетінде ән тыңдап тұрған Бөбек. Аузында ағаш шегелері бар Қайып ыңылдап отырады. Шеге таусылса өлеңді сөзбен айтады.

Бөбек. *(сыбырлап)* Әй, етікші! Әлгі әніңнің сөзі қалай еді?.. Ақбөбек тамағыңнан бір искетсең?.. Әлде бір сүйгізсең?.. Содан соңғы жолы қалай еді?.. Ұмытып қалыппын?.. *(тығыршып сәл тұрады)*. Мына етікші бұлданып айтпай қойды ғой... Қой, кетейін... Көзге түсіп қалармын...

Сөзі айтылмаған әнді тыңдағысы келмеген Бөбек қайтып бара жатады. Сол кезде Қайып әні естіледі. Қыз кері қайтады.

Қайып. *(өте мұңды да, сазды дауыспен)*
Ән салсам аңқытады тіл мен таңдай,
Зер салсам өрнектерім күн мен айдай.
Сөзіңе жалғыз ауыз зәру қылар,
Ақбөбек, айтшы менің, мінім қандай?

Бөбек. Тағы жаңа ән шығарған ба, мына етікші!?

Етікшінің етік тігіп отырғаны, аузының да бос емес екені байқалады. Арасында өлеңін жалғастырады.

Қайып.
Мақпалдай құлпырады екі бетің,
Мақтадай үлбірейді-ау аппақ етің.
Деміңнен жұпар есер, раушандай,
Сен болдың, о дариға, есіл-дертім.
Оһо-о-оу, есіл-дертім-а-ау...

Бөбек. Сен білсең етті ғой, ағатай!.. Кімнің есіл-дерті кімде болып жүргенін?

Қайып. *(балғасын тастай салып, қолына домбыра алады. Өлеңін жалғастырады)*.
Әуеде бір жұлдыз бар Темірқазық,
Кертормы оза шабар бауыр жазып.
Ақбөбек тамағыңнан бір искетсең,
Болар ед мен сорлыға алты ай азық.
Оһо-о-оһу-у-у, алты ай азық.

Бөбек. *(Қосылып айтып тұрады)*.
Ақбөбек тамағыңнан бір искетсең,

Болар ед мен сорлыға алты ай азық.

Оһо-о-оһу-у-у, алты ай азық.

Бөбек үй сыртынан есікке жақындайды. Кіргісі келеді. Батылы бармайды. Киіз үй босағасына сүйенген Бөбектің жылап тұрғаны байқалады. Ән тоқтайды. Бөгде дыбысты байқап қалған Қайып далаға шығады.

Қайып. Жаным-ау, Бөбекпісің? Қараңғыда неғып тұрсың? Жалғызбысың?

Бөбек. Жоқ, біз екеуміз.

Қайып. Ешкім көрінбейді ғой.

Бөбек. Ол кісі көрінгісі келмейтін кісі. Менің жүрегіме ұрланып кіріп алып, енді шыққысы келмей жүр.

Қайып. Бөбекжан-ай! Мына сөзің маған жұмақтың төрінен орын беріп, ұшпақтың шыңына шық деп шақырып тұр ғой! Ол кісінің атын білуге болмас па екен?

Бөбек. Ағатай! Мені енді ешқашан Бөбек деп айтпаңызшы! Ақбөбек деп атаңызшы. Мен-ақ болайын, Сіздің іздеп жүрген Ақбөбегіңіз!

Екеуі бір-біріне ұмтыла құшақтасып ұзақ тұрысып қалады.

Қайып. *Бауырындағы қызды құшарлана қысып, үздігіп:*
Желден жүйрік Ақбөкен! Қиялдағы ақ арман!
Періштенің нұрындай Ақбөбек!

Қайып сәл кідіріп, өлең құрастыра бастайды.

Қол жетпес, ұсынғанмен, Ақбөбегім!
Арманым, желден жүйрік, Ақбөкенім!
Сыңары махаббаттың арман аққу,
Болар ма мына күрке бақ мекенім?!

Ойланып тұрып қалады. Бөбектің екі бетінен ұстап, өзінен алыстата, телміре қарап қалады.

Қайып. Армандаудың өзі күпірліктей боп көрінген менің бақ құсым!.. Дәметпейтін жерден, қалайша менің басыма қона қалдың? Тек қана жарлының жыртық күркесі саған бақ мекен бола алса жарар еді?!.

Бөбек. Ағатай, біздің бұл ісіміз бағымызға ма, сорымызға ма, ол әлі белгісіз... Бірақ болары болды, мен жүрек еркіне бағынып қалдым... Мен өзімді тоқтата алмадым!

Қайып. Ақбөбегім менің!.. Бақытым менің!.. Арманым менің...

Бөбек. Ағажан-ай! Сіздің айтып тұрғандарыңыздың бәрі менің сөзім ғой... Сізден бұрын мен айтқанмын, сізге арнап, бұ сөздерді!.. Бақыт құшағын ашқан да, бақ мекенін тапқан да, Мен!.. Мен дегеніме жеттім, міне армандаған бақыт құшағым! Таптым да, еніп кеттім! Осы бір сәтті бар қалған ғұмырыма айырбас етпеспін!

Қайып. Түсім емес пе?.. Бұ не ғажап!.. Ей Алла! Артын сұраусыз ете көр!

Бөбек. Өңің ағажан, өңің! Менің де өңім! Міне, мен сан түнгі азабымның есесін қайтарған, аялы құшақта тұрмын, сіздің құшағыңызда тұрмын!

Қайып. Ақбөбегім менің! Жүрегіме бал тамызған тіліңнен айналайын, сенің! Тек әттең...

Бөбек. О не?.. Ол неткен әттең?.. Осындай сәттің де әттеңі болушы ма еді!..

Қайып. Тек қана... Мендей жарлыға, мендей жалғызға қыз бермек түгіл, бұл туралы ойлауға да ұрқсат бермес...

Бөбек. Сіз көнсеңіз мен ешкімнен де ұрқсат сұрамаймын. Маған жүрегім ұрқсат еткен!..

Қайып. Асыраған әке мен шешені қайтеміз? Бөбегім деп әлпештеген елді қайтеміз?

Бөбек. Шынында да, жұрт не дер екен? Ей Алла тағала, кешіре көр, өзіне-өзі ұя салмақ болған, мына ақымақ балапаныңды... Үйірден адасқан құлыншағыңды...

Қайып қайтадан шабыттана, өлең жолдарын құрастыра бастайды.

Қайып.

Бітімің арғымақтың құлынындай,
Көз тартып құлпырасың құбылып-ай.
Шынымен көңіліңді берсең маған,
Мен даяр кетуге елден шығынып-ай!

Бөбек. Қайып аға! Ендігі жерде тек қана көңілімді емес, тұтас жан-тәніммен өзімді де бердім, сізге. Ұстадым етегіңізден!

Қайып. Ақбөбекжан-ай! Жалғыз едім! Жеткізе алар ма екенмін, арманыңа! Жарлы едім! Жауап бере алар ма екенмін, талғамыңа!

Бөбек. Менің бақытым барлықта да емес, байлықта да емес! Анау жасаған ғажайып сәнді заттарыңыз мені сіздің өнеріңізге ғашық етті! Асып-тасып, төгіліп-шашылып жатқан өлеңдегі сөздер мен сезімдер мені өзіңізге ғашық етті... Мен ғашықпын!.. Мен ғашықтықтың не екенін түсіндім!.. Мен бақытымды таптым!.. Мен махаббат дәмін таттым!.. Сіз мені бақытты еттіңіз!

Қайып. Ойпырмай, қалқам-ай!.. Мен мына жүкті, мына бақты көтере алсам жарар еді?.. Ойланып айтып тұрсың ба?.. Артының өкініші болып жүрмесін!..

Бөбек. Мен ойланып та толғанып та болғанмын... Ақылдасып та көрдім... Жан сырласым, жан досым деп жүрген туған жеңгем де мені түсіне алмады... Елдің әдеті дейді, жұрттың ғұрыбы дейді. Айтып отырса бұлардың елі де, елі шығарған ережесі де маған, тек маған емес бар қазақ қызына қарсы шығарылған екен... Қыз біткеннің жүрегі бар екенін, оның сүйгісі келетінін бұ қазақта бұрын еш жан ойламаған секілді... Махаббатқа бәрі қарсы... Біз екеуміз бұ елде ғашық болғандардың алғашқылары боламыз...

Қайып. Күнім-ай! Мына сөзің мені тап қәзір өлетін болсам да армансыз өтетін етті-ау, бұ Жалғаннан! Менде енді арман жоқ! Тек сол армансыз өмірді қалай бастасам екен?

Бөбек. Бір бабаң айтыпты ғой: “Ер жігіт екі кезде ойланбас болар. Бірі – жасанып алдында жау тұрғанда, тағы бірі – жәудіреп алдында ғашығы тұрғанда” – деп... Тәуекел ет!.. Тәуекел етелік!..

Қайып. Мен тәуекелге сенің ақ балтырың алақаныма түскен сәтте-ақ бекінген едім! Бірақ ол кезде орындалмас арман ғана секілді болатын.

Бөбек. Мені ұзататын күндері жақын. Енді орындалмас арманның орындалуы тек өзіңе ғана қарап қалды... Не дейсің, Қайып аға!..

Қайып. Мен не дейін, күнім! Бір-екі күн мұрсат бер. Мен бізге болашақта пана боларлық ел іздеп келейін. Нағашыларымның тамырын басып байқайын. Елі бұл арадан қашықтау бір жездем бар еді, хабар жіберейін. Біреуіне барып тұрақтармыз. Сен дайын бол...

Бөбек. Мен дайынмын ғой... Әйтпесе, осылайша өзім саған құда түсемін бе?..

Қайып. Ниетіңнен айналдым, менің Ақбөбегім! Мен ертең бір сылтаулар айтып жеңгеңнен ұрқсат сұрайын.

Бөбек. Жеңешеме де сездірме. Кейін аға алдында, ауыл алдында күнәлі болып қалмасын.

Қайып. Жарайды, жаным, жарайды...

Шымылдық.

10-көрініс. Есжан үйі.

Есжан байдың ошақ басы.

Есжан. Той күні де жақындап қалды. Дайындық шаруалары да аяқталуға тақау. Балам ел-жұрт түгел хабарланды ма екен?

Қойлыбай. Әке, бәрі хабарланды. Аламан бәйгенің бас жүлдесі алтын тай тұяқ пен жүз жылқы дегесін, ат әкелмейтін ауыл қалмайтын реті бар. Кейбіреулер жеті орын емес, он орынға бәйгі берілсе деп қолқа салады дейді.

Есжан. Ауылдың ақсақалдарымен ақылдас, сосын маған айтарсың.

Қойлыбай. Жарайды, әке.

Есжан. Бәйбіше! Бөбекжанның жасауы қалай, дайын болды ма?

Сәнтөре. Келіннен ұлқсат сұрап кеше шебер аулына кетіпті. Сәукеленің маңдайына салатын тас іздейді екен. Жасауын қарап келдім. Біз көрмеген ерекше сәнді бұйымдар!.. Бөбекжанның жасауы біз осы жасқа келгенге дейін көргендердің барлығынан да ілгері болатын реті бар.

Есжан. Бұлар жеті атасынан өнер қонған адамдар ғой. Осындай өнерлі адамдар арқасында еліміз адай шебер ел, адай зергер ел деген атаққа ие болып жатады. Шеберді ренжітпей жіберіңдер.

Қойлыбай. Айттың ғой, сұрағанын алады...

Шымылдық.

11-көрініс. Дина мен Бөбек шебер үйінде.

Бөбек пен Дина шебер үйінде.

Дина. Сау саламат оралдыңыз ба, сал жігіт!

Қайып. Өздеріңіз де амансыздар ма?

Дина. Гауһар ма, лағыл ма, аты қалай еді, іздеп кеткен тасыңыздың? Таудан тас іздеймін деп едіңіз, табылды ма іздегеніңіз? Өлде тасты сылтау етіп ел қыдырып жүрсіз бе?..

Қайып. Таудан тас та іздедік. Ауылға да бардық. Бірақ сіздерді сағынып, тездетіп қайтып келдік. Бұл ауылға бауыр басып қалыппыз.

Бөбек Қайыпқа қарап күлімсірейді.

Қайып. Бірақ, Бөбек сәукелесінің маңдайына лайық тас таптырмады.

Дина. Қайным, қорқытпа бізді.

Бөбек. Тас таппасаңыз, үйде сәукеле бар еді. Мүмкін соның тасын аларсыз.

Қайып. Өзіңізге ұнаса, ауыстырып салалық.

Дина. (көрпемен жабылған, өзі үстінде отырған қапты қолымен шұқып) Шебер қайным, мына қабыңызда не бар осы, ортаймайды да, ашылмайды да...

Қайып. Күмісім таусылса балқытып алайын деп алып келіп едім. Күміс аралас тас, топырақ қой.

Бөбек. Алтынды да өзің балқытып аласың ба?

Қайып. Бәрін де өзіміз істейміз. Тас бетін өңдеуді де үйреніп алдық.

Бөбек. Жеңеше, сәукелені алып келші.

Дина. Қазір, алып келейін. *Кетеді.*

Қайып. *(Бөбекке жақындап, қолынан ұстайды).*

Үш күннің соншама ұзақ уақыт екеніне енді көзім жетті.

Бөбек. *(Қайыптың бауырына тығылып)* Үш күннің қаншалықты ұзақ уақыт екендігі маған аян, тек қана маған аян.

Қайып. Сен есіме түскенде сағыныштан қолқам ба, жүрегім бе, өкпем бе, әйтеуір іш жағымда бір жерім үзіліп кете жаздайды... Не екенін? Мен ендігі жерде сенсіз бір сәт өмір сүре алатын емеспін...

Бөбек. Менің ойымды Қайып деген кісі ұрлап алып, сосын өз сөзі етіп айтуға қандай шебер еді...

Қайып. Менің жүріп өткен жерімнің бәрі Ақбөбек деп ән салып жатқан болар, бұ күндерде...

Бөбек. Қайда барып қайттың? Жүрген жағың аман ба?

Қайып. Бәрі ойдағыдай. Бұ жерден айлық жолдағы апа-жездеме хабар жібердім.

Бөбек. Айлық жерге қалай жетеміз?

Қайып. Біз бірден таптырмай кетпесек болмайды. Осы маңайда қалсақ ұстап алады.

Бөбек. Ұстап алса не істейді?

Қайып. Айттырулы қызды, тойға дайындалып жатқан қалыңдықты алып қашқанды, әсіресе мен секілді қорғаны жоқ жалғызды аямайтын болар.

Бөбек. Не дейді? Адам адамды сүю үшін жаратылмай ма? Шын ғашық болды деп кісіні жазаға кесетін қандай заң?

Қайып. Ұстап алса саған да оңай тимейді.

Бөбек. Маған сенсіз өмірдің қажеті жоқ. Сенен айрылған күні бүл тірлікпен қош айтысамын. Мен өз заңымды шығарып та қойғанмын... Ант етемін, мен тек қана сенімен Ақбөбекпін. Жай Бөбек болып қала алмаймын, мен, ендігі жерде. *(Бөбек Қайып құшағына енеді)*

Қайып. Ертең ел жата осында кездеселік. Сол сәттен бастап сен мәңгілік Ақбөбексің! Менің Ақбөбегімсің!

Бөбек. Мен ат дайындатайын ба?

Қайып. Жоқ. Екеуміз Жалғыз төбеге дейін Керторыға мінгесеміз. Сол жерде мені бір досым қос атпен күтіп тұрады.

Бөбек. Қайда кетеміз?

Қайып. Ешкім таппайтын жерге.

Динаның келе жатқаны байқалады. Бұлар құшақтарын жазысады. Дина кіреді.

Дина. Состыйып неғып тұрсыңдар? Мен кеткелі орындарыңнан қозғалмағаннан саусыңдар ма?

Бөбек. Қалай? Барып келе қалдың ба?

Қайып. Үй арасы жақын ғой.

Бөбек. Жүгіргеннен саумысың?

Дина. Жүгіргені несі. Жай ғана, бардым да, келдім.

Қайып. Кәне, мына сәукеленің тасын көрелік.

Бөбек. Бұл тас маған ұнайды.

Қайып. *(сәукелені қолына алып қарайды)* Шындығында да тамаша дүние екен. Шебердің атын білмейсіңдер ме?

Дина. Бұл сәукеле осы үйде ертеден бар секілді. Кім жасағанын білмедім.

Бөбек. Сұрамағасын білмейсің, әйтпесе бұл сәукелені әрі ақын, әрі зергер Елбай деген кісі жасапты.

Дина. Қайып қайным да әрі ақын, әрі зергер. Шебер біткеннің бәрі ақын бола ма? Жоқ, ақынның бәрі шебер бола ма?

Қайып. Кім білген?... Ал, мынау ғажайып дүние екен. Біз бүлдірмелік. Жеңгей орнына апарып қойыңыз. Тас табылар.

Бөбек. Өзіңіз біліңіз.

Дина. Шебер қайным, біз қайталық.

Қайып. Рахмет жеңгесі. Қош болыңыз.

Бөбек пен Дина кетеді.

Шымылдық.

12-көрініс. Ғашықтар шешімі.

Сахнаның бір шетінде қолында түйіншегі бар Бөбек, бір шетінде құрал, заттарын жинастырып кетуге дайындалып жүрген Қайып. Екеуінің сөзі кезек-кезек естіледі.

Қайып. Ауыл тынышталды-ау! Бөбек ұйқтап қалмаса жарар еді... Қой, ұйықтамас... Қалай ұйқтайды?.. Ұйқы қайда?..

Қолында түйіншегі бар Бөбек табалдырықтан аттамақ болып, өзімен өзі сөйлесіп тұрады.

Бөбек. Талай кіріп-шығып жүрген табалдырығым! Сенен осы жолы аттай алмай тұрғанымды-ай! Кім ойлаған?.. Бұл қадам бақытқа ма? Қасіретке ме?..

Қайып. ...Ал, “Қайып жетім”, “Етікші бала”, “Күміс көмей әнші жігіт”, “Бармағынан бал тамған зергер”, “Бес аспап шебер” – бәрі

Қорабайдың Қайыбы... Не арманың бар?.. Айт көні!.. А, ...а... Арманысыңбы деймісің!.. Солай болар!.. Алланың берері көп...

Бөбек. Әрине бақытқа! Мен Қайыптың көлеңкесінде өткізген әр сәтімді бір жылдық өмір деп бағалармын... Сонда бақыт дегенің телегей теңізге айналып жүре бермей ме?..

Қайып. Алла тағала, рахмет саған, мың рахмет, жарылғадың мені!..

Бөбек. Қасіретке болса ше?.. Онда жайына жүрген ана жалғыз байғұстың обалына қалатын болармын?.. Тағдыр маңдайымызға не жазса да, тек Қайып өкінбесе екен!..

Қайып. Жыртық едім – бүтіндедің!..

Жалғыз едім – жар құштырдың!..

Жарлы едім – бәрінен де бар еттің!..

Бақыт өзі келіп қонды басыма!.. Тек баянды ете көр...

Бөбек. Ей, Алла!.. Мына аттағалы тұрған қадамымды құтты ете көр... Тәуекел... Не де болса аттадым... Бақалардың маған дайындаған ұясына қонғым келмеді... Қош бол алтын босағам, өз ұясын өзі салғысы келген қарылғашыңды кешіре көр!..

Табалдырықты аттайды.

Қайып. Ей Алла! “Аш отырып ас таңдаған, жаяу жүріп ат таңдаған” – дейтін нағыз мен болдым... Бұл тағдырына қанағатсыздықтан туған қимыл емес... Мені бәрінен бар еткен болатынсың... Оған қоса махаббат сыйладың... Осы бергеніңді тек көпсіне көрме!.. Тек ұзағынан бере көр!.. *Қолын жайып, бетін сыйпайды.*

Сахна ортасына екі жақтан Бөбек пен Қайып біріне-бірі құшағын жайып келе жатады.

Шымылдық.

13-көрініс. Есжан үйіндегі қапылыс

Сахнада Есжан үйі. Сәнтөре мен Дина.

Сәнтөре. Келін-ау!..

Дина. Ие, ене!..

Сәнтөре. Сен түскенде, есінде ме, біздің Бөбек маңдайында құрттай кекілі бар бала емес пе еді...

Бөбек. Әрине есімде. Мен оны көпке дейін ұл бала деп ойлағанмын.

Сәнтөре. Келін-ау! *(Сәнтөре біреу естіп қалар дегендей Динаға жақындап сыбырлай сөйлейді).* Мен Бөбегімді тірі пендеге қиғым келмейді...

Дина. Қыз бой жеткесін, өз ошағының отын өзі жаққысы кеп тұрады ғой. Қимағанда қайтесіз, көндігесіз. Сағынарсыз, жыларсыз...

Сәнтөре. Белгісі жоқ күн деген осы. Байқалмай өтіп жатыр, өтіп жатыр. Енді міне о да бой жетіпті. Тойы да жақындап қалды. Келін, Бөбекжан қайда? Әлі оянбаған ба?

Дина. Таң атқалы көзіме түсе қойған жоқ. Кеше ерте жатып қалған. Қазір қарап келейін *(кетеді).*

Сәнтөре. “Қыз қонақ” деп, қалай айтқан... Әлпештеп бағасың... Мәпелеп өсіресің... Бой жеткізесің... Ал сосын, біреу алады да кетеді... О, Жаратқанның құдіреті-ай!.. Менің қызым да ұясынан ұшуға жақын...

Сахнаға Есжан шығады.

Есжан. *(Көңілді)* Бәйбіше! Өзіңмен өзің сөйлесетін жасқа жеттің бе? Жоқ әлде, ақ шайтаныңа кездесіп қалып, амандасып отырсың ба?

Сәнтөре. Қорықпа, әзір алжи қойған жоқпын.

Есжан. Мына ғұмыр соншама тез өтеді екен-ау! Бәйбіше! Кеше ғана еді ғой, аумаған Бөбекжандай бір қызды, мына сені, менің осы ауылға алып келгенім! Осы үйге кіргізгенім!

Сәнтөре. Ой, дүние-ай десеңші! Күні кеше секілді еді. Өзімді айттырып кеткеннен соң күйеуім “Қандай екен?” деп қиялға беріліп, бір көруді аңсап жүретінмін. Бақытыма дұрыс адам кезігіпті. Сұлулығына көз тоймас, жібектей есілген өзіңді көріп бір қарағаннан ғашық болып едім... Тойымыз қашан болар екен деп талай түн дөңбекшігенмін. Енді міне, кезек өзімнің қызыма да жетіп қалыпты.

Есжан. Рахмет саған, бәйбіше. Сенің маған баяғыда тоқал алдырмағаныңа әлі қуанамын. Біздер жақсы ғұмыр кештік. Тату-тәтті өмір сүрдік. Өмір бойы сенімен өткен өмірімді ойласам болды, ата-аналарымызға рахмет айтумен келемін.

Сәнтөре. Қандай рахмет?

Есжан. Басқа қыз айттырмай, сені айттырғаны үшін.

Сәнтөре. Жаратқанның бұйрығы да. Әйтпесе, ошақ татулығы барлығына бірдей бұйыра бермейтін нәрсе екен ғой.

Үйге қапылып Қойлыбай кіреді. Соңында Дина. Динанаң түрі кетіп қалған.

Қойлыбай. Әке! Мен ескерткенмін! Масқара болдық. Ел бетіне қараудан қалдық. Сүйекке таңба басылды!.. Таңба басып кетті-ау,

мына қаңғыған жалғыз атты, сабау қамшы, қайыршы жетім! Мынаның қайда қарап жүргенін, не қарап жүргенін? *(Әйелін нұқып жібереді)*.

Есжан. Астафралла, астафралла! Не боп қалды?

Қойлыбай. Не болып қалды дейді-ау, бұлар!.. Жау шапқан жоқ! Тек қана сүйікті қызың етікшімен қашып кетіпті. Есік алдындағы, қайыршы етікшімен!.. Бөбек те жоқ. Етікші де жоқ.

Сәнтөре. Мынау жау шапқанмен бірдей жаманат хабар ғой, жаңсақ болмасын!.. Анықтап алып, сосын айтыңдар!

Дина. Етікшіге тігілген үйде кереге басында ілулі тұратын бір де бір заты қалмапты. Жинап, алып кеткені көрініп тұр...

Есжан. Тәңірім-ай! Не жазығым бар еді?.. Ел алдында осынша масқаралап!..

Қойлыбай. Қаңғыған етікшіні кісі санатына қосып... Тойдан қалдырмай, талтаңдатып... Ән салдырып... Әй, жүрегім сезіп еді... Түбі жақсылыққа соқтырмасын...

Сәнтөре. Біз шақырдық па? Шақырса жұрт шақырды... Енді халыққа тойыңа ананы шақыр, мынаны шақырма деп отыру қалып па, Есекеңе... Есекеңнің не жазығы бар?.. Балам, байқа!.. Жаны күйген Тәңірін қарғайды деп... Біріңді бірің сөгіп... “жау жағадан алғанда, ит етектен алады” болмасын... Не істеу керек екенін ақылға салыңдар...

Есжан. Ел бетіне қалай қараймыз?.. Анықтаңдар... Сұрастырыңдар... әлі де болса. Нағыз расқа айналса, Мамыртайды бас етіп, Итбай аулына тез хабар жіберу керек. Айтсын барып, ұяттымыз. Қалың малын екі еселеп қайтаруға да дайынбыз десін.

Қойлыбай. Немене, олар қалың малын екі еселесін деп саған салық салып та үлгерді ме?

Есжан. Оларға айтқызып үлгертпеу керек. Кінәміздің үлкен екенін өзіміз мойындалық. Малға қызықса жаулыққа баспас. Жаулыққа басса жалғызыңды мерт етер.

Қойлыбай. Ай, әке-ай! Жалықпадыңыз-ау, сол қызды “Жалғызым” деуден. Соның ақыры осыған соқтырды.

Сәнтөре. *(Солқылдап жылап отырады)*. Құдайым-ау, өмір бойы еткен бар еңбектің босына болғаны ма? Отағасы-ау, Бөбекжанның күні не болмақ, ендігі жерде?.. Мына жұртқа ермек табылды ғой, енді. Жатса да, тұрса да айтары бәленшенің қашып кеткен айттырулы қызы... Сор маңдай қызым-ай! Нағыз сорлы екеуміз болармыз, ендігі жерде... Бұ заманның адамдарына ермек керек...

Дина. *(Енесін жұбатқысы келіп, айласын таппайды)*. Ене, ақылды адамдар да қателесе береді екен-ау...

Сәнтөре. *(Залға қарап)* Ей, адамдар!.. Сендер білсеңдер ғой, өздеріңнің соншалық қатыгез екендеріңді!.. Біреудің қайғысына қараған кезде су қараңғы соқырсыңдар! Біреудің арызын тыңдағанда тас құлақ кереңсіңдер! Ал енді біреудің қатесін көргенде... Ой, енді рахатқа батасыңдар ғой... Енді барлығың жабылып, жалғыз қыздың соңына түсесіңдер-ау!..

Қуғыншылар, абынып-күбініп, дайындалып жатады.

Сәнтөре. Түтіп жейсіңдер-ау, бейбақты... *(жылайды).*

Шымылдық. Бірінші бөлімнің соңы.

Екінші бөлім

1-көрініс. Бегей ауылы.

Қайып пен Ақбөбек паналаған Бегей ауылы... Бегейдің өзі бастап ауыл қалашылары Бесқалаға (Қарақалпақстан қалаларының базарына) аттанғалы жатады. Бегей үйіндегі соған арналған жиын. Көңілді кеш.

Ауыл адамдары:

- Енді жас келін ән айтсын!

- Жас келін әнші ме еді?
- Нағыз күміс көмей әнші.
- Қайыптың әнін айтсын.
- Өзіне арнаған әнін айтсын!..

Бегей. Алла тағалаға мың рахмет, мына шебер балдыз аулымызға келін түсіріп, жай келін емес әнші келін түсіріп, аулымыздың сәнін кіргізіп тастады. Күнде жиын, күнде той!.. Ақбөбек келіннің әні құлақтың құрышын қандырды, әбден.

Қайыптың құрдасы. Бұ келіншек бізді қашаңғы Қайып әнімен алдандырады? Есжан байдың қызы, бізге әннен басқа не әкелді екен? Барыңды шығарытын уақытың болды емес пе? Жасырып, оңаша өздерің қызықтағанша.

Бөбек. Құрдас, басқаға болмағанмен саған жетерлік сыйлығым бар. Заманы туса оны сен қызықтамай кім қызықтар дейсің!.. Осы ауылға мен бір қап дау әкелдім, аузын шеш те, пайдаңа асыра бер.

Бегей бәйбішесі. “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі” – депті, қайным. Ақбөбек келін саған өнерден де, сөзден де есесін жібере қоймас.

Бегей. Әй, шырақтарым-ай, байқап сөйлемейсіңдер ме? Жан ашыр дос жақын адамның жарасын қасымас болар. Қайта сол жара жазылғанша, құрдас адам бір-біріне қамқоршы болмас па?

Қайып. Құрдастың әзілі дағы.

Қайып құрдасы. Бірі қызын алдырып, бірі келінін қолды қалып, бұлар неғып тып-тыныш жатыр екен? Кешір құрдас, менікі тіпті әзіл де емес, уайым...

Қайып. Олар тыныш қалатын ауылдар емес қой. Біздің қай бағытқа кеткенімізді таппаған болар.

Қайып құрдасы. Олар сіздерді Маңғыстаудан іздеп жүр-ау, шамасы.

Қайып. Біз де сол есеппен Бегей жездені паналадық емес пе.

Бегей. Құдайға шүкір, дау ұзарса шешімін табар деген... Ақыры олар да шығар біздің ауылға. Біз де қабырғалы ел емеспіз бе, бір амалын табармыз. Маңайдағы бас көтерген ел адамдарын сақтандырып та жатырмын.

Қайып құрдасы. Ақбөбек! Сен біздерді әңгімеге айналдырып, әнді ұмытты деп ойлап қалма, сал әніңе. Ертеңгі күні Бесқала сапарында, ауылды сағынғанда, есімізге ала жүрелік.

Бөбек. Құрдас! Мен бұл әндерді, Қайып әндерін ешкім сұрамаса да айта беруге өмір бойы жалықпаспын! Қайта осындайда менен қашан Қайыптың әнін айт деп сұрар екен деп тілеп отырамын. Рахмет сұрағыңа!

Бөбек ән бастайды. Ауыл қыздары қосылып айтып, әнді үйреніп отырады.

Ән салсам аңқытады тіл мен таңдай,
Зер салсам өрнектерім күн мен айдай.
Сөзіңе жалғыз ауыз зәру қылар,
Ақбөбек, айтшы менің, мінім қандай?
Оһо-о-оу, мінім қандай-а-ау...

Мақпалдай құлпырады екі бетің,
Мақтадай үлбірейді-ау аппақ етің.
Деміңнен жұпар есер, раушандай,
Сен болдың, о дариға, есіл-дертім.
Оһо-о-оу, есіл-дертім-а-ау...

Көпшілік Бөбекке алғыстарын жаудырып жатады.

Дауыстар:

- Тағы бір ән салшы!
- Ең алғашқы шығарған Қайып әнін айтшы...

Қайып құрдасы. Өнер Қайыпта деп жүрсек, нағыз өнер Ақбөбекте ғой! Шіркін! Бұ жалғанда Ақбөбек жалғыз болмағай дағы. Тағы біреуінің хабары шықса, мен де басты тігер едім бәйгіге... Кетер едім іздеп...

Бегей. Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу деген... Әр адам өз зайыбын жақсы көрсе Ақбөбегі қасында отырар. Міне біздің Ақбөбек! Қараңдаршы кімнен кем!..

Көпшілік күледі. Бегей бәйбішесіне мақтау сөздер айтады.

- Біздің жеңгейге кім жетсін?
- Жеңеше, сенде ағайдың өзіңе арнаған бір әнін айтып берші.
-

Бегей бәйбішесі. Жұрттың бәріне бірдей менің інімдей болу қайда?

Қайып құрдасы. Құдайдың әділетсіздігіне таң қаламын. Қайыпқа бәрін бере салғанда, маған біреуін де қимаған.

Бегей бәйбішесі. Шетте, елімнен алыста жалғызбын деп жүргенде Қайып інім мені жеткізді ғой. Қолыма келін түсіріп, анау-мынау емес әнші келін түсіріп... Ізеті қандай, өнері қандай... Қайып әнінің тағы бірін айтып берші, Ақбөбекжан...

Бөбек. Жарайды, апа. Ән салады.

Көгімде бір жұлдыз тұр жарық жанған,
Хал сұрар кім бар біздей ғәріп жаннан.
Торығып зарланамын мен күркемде,
Кең дала қуықтай боп тарылғаннан.
Оһо-о-һоу-у-у, тарылғаннан-ай.
Аспанда бір жұлдыз бар Темірқазық,

Кертторы оза шабар бауыр жазып.
Ақбөбек тамағыңнан бір сүйгізсең,
Болар ед мен сорлыға алты ай азық.
Оһо-о-оһу-у-у, алты ай азық-ай.

Қошамет сөздер.

- *Пай, шіркін-ай!*
- *Айтады-ау!*
- *Құдай қосқан ғой екеуін.*
- *Екі жақсыны бір қоспайды дейтіні қайда?*

Қайып құрдасы. Қайып, құрдас, ертең жолға шығар алдында, мына Ақбөбек тамағынан бір сүюді ұмытып кетпе. Сосын жолда бізден тамақ дәметпейсің.

Қайып. Бұл өмірден мен өз сыбағамды толық алған жанмын. Қалғанының бәрін саған қидым.

Бөбек. Құрдас! Менің әкелген қапшығым да сенікі екенін ұмытпа.
Отырғандарду күледі.

Қайып құрдасы. Мен ол дау қапшықты сатып алсам ба деп жүрсем, сен маған тегін бермексің бе? Маған да Құдайдың берері бар екен ғой!..

Отырғандар күліп, мәз болып қалады.

Көпшілік.

- *Бұның өзі бір даукес еді, жақсы болды, бір қап дау деген қалған өміріне азық болатын болды.*
- *Бұл қызғаншақ, ешкімге татырмас...*
- *Бір қап дау қаншаға жетеді екен?*
- *Бір қап дау ма? Бір қап дау ең кемі бір ғасырға жететін болар.*
- *Біреуге қалдырып кетпесе, өзінің ғұмыры жетпейді десеңші.*

Отырғандар күліп, мәз болып қалады.

Шымылдық.

2-көрініс. Итбай ауылы.

Итбай өз үйінің төрінде домбыра тыңқылдатып, ойланып отыр. Үйге бәйбішесі Гүлсара кіреді.

Гүлсара. Кедей үйіне төрт-бес кісі келіп түсіп жатыр.

Итбай. Менің аулыма келіп, менің үйіме түспей Кедейдің үйіне түссе не оңған кісілер дейсің... Ел аралап, тамақ асырап жүретін қаңғыбастар шығар...

Гүлсара. Жоқ, “көліктері күліктей, жігіттері сүліктей” дейтіндей, дұрыс адамдар секілді.

Итбай. Не өлеңдетіп отырсың? Адамдары сүліктей дейтін сөз айта ма қазақ?

Гүлсара. Неге айтпайды, айтады. Ықшам, ыңғайлы жігітті жүзіктің көзінен өткендей екен, сүліктей екен деп жатпай ма?

Итбай. Қой шырағым, соңғысын өзің қосып отырсың... Жарқыным, Гүлсара шешен, Гүлсара би дегенге артық кетіп қалатының бар, сенің... Бұл жолы да солай болып тұр...

Гүлсара. Бай-еке, бұл сөздің кемшілігі тек қана біздің ауыздан шыққанында болып тұр. Егер де атақты біреу айтса, “пай, пай, біздің пәленшекең, түгеншекең қалай айтады” деп тамсанар едіңіз дағы. Би қасында жарлы менен жетімнің, бай қасында жақын менен қатынның аузынан шыққан сөз де бақытсыз.

Итбай. Пай, пай! Біздің бәйбіше бүгін бабында екен. Саулатуынай!

Гүлсара. Бай-еке! Қыдырып ішкен тамақтың кенеуі жоқ, қыдырып айтқан өсектің елеуі жоқ дегендей, сұрап алған мақтаудың да бағасы төмен... *(Гүлсара сөзін аятап үлгермейді)*

Үйге Кедей бастаған Мамыртайлар кіреді. Сәлемдеседі.

Итбай. Мамыртай құда! “Бауыздау құдаңның” үйіне түспей, басқа үйге түсіп, бізді менсінбегеніңді сездіргенің бе?

Мамыртай. Құдай сақтасын.

Итбай. Өзің тура келіп сөйлеспей, Кедейді тілмаштыққа ерітетіндей не боп қалды? Әлде, бет ұяларлық айыпты болып келдің бе?..

Мамыртай. Танып отырсыз бәрін де.

Итбай. Бұ не суыт жүріс? Мал-жандарың аман ба? Не хабар?

Мамыртай. Аманбыз. Суыт жүріп келгеніміз де рас... Сіз танып отырсыз... Біз онша келісті хабар әкеліп отырған жоқпыз. “Тілде сүйек жоқ” деген екен, қазағымыз... Мынау арсыз тілдің ауыз бармас нәрсені де айта алатынын ескерген болар...

Итбай Мамыртайға сақтана қарап қалады.

Итбай. Әй, Мамыртай! Менің әкем баяғыда өліп қалған. Не естірткелі отырсың. Айтшы айтарыңды!.. Естірт жаманатыңды!..

Мамыртай. Тіл былқылдақ, айтқаныңа көне береді дейтіндер қателеседі екен. Менің тілім бүгін маған көнер түрі жоқ. Ағаштан істеген нәрседей қатып қалыпты...

Итбай. Мамыртай, неменеге күмілжисің? Немене келін бірдеңеге ұшырап қалды ма?

Мамыртай. Ұшырады...

Гүлсара. Алда, айналайын-ай! Жазым болды ма?

Мамыртай. Одан да жаман... Келініңіз біреумен қашып кетіпті.

Гүлсара. Көтек! О несі?..

Итбай. А... Не дейді! (орнынан ұшып тұрады, кереге басынан қолына қамшысын алады). Айт кәне! Адайдың сүйегіне таңба баспақ болған қай ел? Өзінің бетіне қоса көрдегі жеті атасының сүйегін таңбалап берейін! Қаптатайын мен қалың адайды!

Мамыртай. Кім екені әлі белгісіз, бірақ ұры сол өз адайымыздан-ау дейміз...

Итбай. Не дейді, мына сорлылар? Ендігі жетпегені осы еді, мына азған адамға!.. Адамды аздырған заманға!.. Іні ағаға, бала әкеге, қыз анаға қарсы келеді деген не масқара!..

Итбай ызадан жарылардай боп отырып қалады.

Итбай. Кімге алдырдыңдар? Кім сіздерді қорлап отырған? Айт кәне, менің жесіріме қол салуға батылы барған қай ауыл?

Мамыртай. Құда! Біздің...

Итбай. Жап аузыңды. Тоқтат енді құда деген сөзіңді... Қай бетіңмен маған құда деп отырсың?..

Мамыртай. Ақсақал... Алып қашқан белгілі ауыл емес, жалғыз басты жігіт секілді. Қыз жасауын жасақтауға алдырған етікші ме деген қаупіміз бар.

Итбай. Ой, шіркін-ай! Мына қорларды-ай!.. Есіктегі жалшысына қыз алдырып!.. Елі жоқтың қай биімен дауласарсың?.. Ері жоқтың қай батырымен жауласарсың?.. Кімнен кегінді аларсың?.. Құдай шұнақ-ай! Жаманаттасқасын тістескен жерде тіс кететін, ұстасқан жерде қар үзілетін, жау да тап болмай?.. Салт басты, сабау қамшы біреу дейді?.. (Ызадан қалшылдап):

Қорлық-ай... мына қорлықты-ай!.. Шауып алар байы жоқ, айдап алар малы жоқ... Шулатып айдар елі жоқ... Рулы ел маңыңнан сескеніп өтетін, біздің айбынымызға не болған?.. Енді, сонда жетімдер ауыз салатын шамаға жеткеніміз бе?..

Кедей. Соқа бас, сабау қамшы қаңғыған жалғызға қыз алдырып отырсыздар, ә...? Қуғыншы кетті ме, із кесуге?

Мамыртай. Баланың жоқ екенін сәске түсте байқап, бірден қуғыншылар кетті. Маңғыстаудың ойына құлайтын екі бағытқа да қуғыншы жібердік.

Кедей. Маңғыстауға қашпай басқа жаққа кетсе не істейсіңдер?

Итбай. Осылар не істеуші еді!.. Кедей, тыңда мені! Ұстасатын рулы елі болмаса, жауласуға тұрарлық анық жауың болмаса мен тындыратын іс емес екен мынауың... Анау Есберген ініңмен ақалдас та қалған шаруаға сен ие бол... Енді мені араластырма, бұл іске...

Мамыртай. “Айыпкерде айбат жоқ” – дегендей, үйіңе тіке де келе алмай... Алдымызға мына Кедей батырды салып... Сол айбатсыз айыпкер біз болып қалдық. Біз ұятты болдық. Не десеңдерде иілген бас мінеки. Кесем десең кесесің, жазалаймын десең жазаға көнеміз. Есжан құдаларың...

Итбай. Жап деп едім ғой аузыңды! Айтпадым ба, мен саған? “Иттің бажасы” көп деген, ана бұзылған қыздарың тірі болса талайлармен құда қылар сіздерді, әлі... Тек қана менімен емес...

Мамыртай. *(Ашу шақыра, сыздана сөйлеп, даусы пыси бастайды).* “Бұға берсе сұға береді” – деген екен, бұрынғылар! Ит-еке! Біздің намысымыз сіздікінен аз тапталып отырған жоқ. Шамадан шығып кетпеңіз!..

Итбай. Есігіндегі жалшысын тыя алмай отырып, маған қайрат көрсетпекші, мына сорлы!..

Мамыртай. Ит-еке, жетер бізді осы балағаттағаныңыз!.. Енді бізде де әңгіме басқа!.. Біз қызымыздың басын босат деп сұрағалы келдік!.. Тап осы жерде, кәзір босат!.. Айыбымызға сұрағаныңды аласың. Алған қалыңмалындай тағы бір қалыңмал алыңыз... Тапталып жатқан намыс та біздікі, қашып кеткен қыз да біздікі... Би алдына да барамыз, хан алдынан да қаймықпаймыз!.. Сол қыздың тапталғаннан қалған арын да қорғаймыз!.. Қыз да біздікі!.. Сүйек те біздікі...

Итбай. Сіздермен енді сөз жоқ. Біз Сіздермен сөзді доғардық. Әкеле алсаңдар қыз бен ұрыны алдыма әкелесіңдер, тек қана сол кезде сөйлесеміз. Басын босату туралы әңгіме де жоқ...

Мамыртай. Ит-еке! Қомы бауырына кеткен буыршындай туламаңыз. Адамға қай уақытта да жөн мен шама керек... Ит-еке...

Кедей. Ей, сенің қайта-қайта ит-екең не, осы?

Мамыртай. Оның атын Итбай қойған мен деп пе едің? Ұрынудың да жөні болу керек емес пе, Кедей батыр? Құда деп айтқызбаса, өзі ауызға ұрса... Атын айтқызбай енді сен ауызға қақсаң?.. Қалай сөйлесеміз енді біз?.. Ей, айтыңдаршы!.. Бұл не тулау?.. Ел-жұрттарыңнан бұрын қыз қашып көрмегендей.. Сіздердің қыздарың емес пе еді, осыдан үш жыл бұрын, түрікпенмен қашып кетіп, екі елді бір жыл бойы соғыстырған?..

Итбай. Әй, Кедей! Неғып отырсың? Бұлармен сөз жоқ дедім ғой! Тыңдама сөзін... Тұр, бәрін өргіз. Бәрін аяғынан тік тұрғыз!.. Жердің астына кіріп кетпесе, екеуін де тірілей осында жеткізіңдер. Қыз бұлардікі болса, келін біздікі... Бұлардың сүйегіне таласы болса, біздің етіне таласымыз бар. Әзірге тірі тұрғанда еті біздікі... Жүр, кеттік...

Итбай мен Кедейлер Мамыртайды қалдырып шығып кетеді.

Мамыртай. Ай, Бөбекжан-ай! Мыналар бізді осылай қорлай алар ма еді? Мені өз үйінде жалғыз қалдырып, тарап кеткенін қарашы... Құда деп те, қонақ деп те сыйламады-ау!.. Ай, Бөбекжан-ай! Арттағы жұртыңның ел арасындағы бағасы осындай болып қалды... Өзіңнің күнің не болар екен?.. Байғұс балапан-ай!.. Бөбекжан-ай... Бөбекжан-ай...

Кемсеңдеп, қорланады. Шымылдық жабылады.

3-көрініс. Кедей мен Есберген.

Кедей және сарбаздар жолға жинақталып жатады.

Кедей. Сарбаздар! Ер қаруы бес қару, сақадай сай болатын болсын!

Олар Маңғыстауға қашсын деп тілелік. Осы жерден Маңғыстаудың ойына құлайтын ұрымтал екі-ақ жол бар. Онымен кетсе ешқайда барып тығыла алмайды.

Бұлардың үстіне Есберген келеді.

Кедей. Есберген!.. Шырағым-ай... *(күмілжиді)*

Есберген. Естіп келемін!.. Ештеңе айтпашы, Кедей аға!

Кедей. Бұл таңба сүйегімізден енді кете қоймас!

Есберген. Батыр аға! Бәріне де шыдауға болар еді," тек қана мені кіммен айырбастағанын білесің бе?

Кедей. Білемін!

Есберген. Есік алдындағы етікшімен! Тегі де жоқ, елі де жоқ қаңғыған қара тобырдың бірі... Қолындағы балғаман былай етіп шеге қағып, аузындағы тарамыс кірін шырт-шырт былай түкіріп отырған етікшіге...

Кедей. Өтеуі жоқ қорлық болды.

Есберген. Құдайым-ау! Нар көтермес мынау жүкті мен қалай көтермекпін?.. Ит арланар мынау қорлыққа мені қалай шыдайды деп ойладың?.. Не жазығым бар еді басыма қасіретті үйе салатын?.. Ел бетіне қалай қараймын... Кедей аға?..

Кедей. Ал, інім! Ойламаған жерден басымызға сын сағаты туды.

Бұл

уақиғадан абырой жоғалтпай шығу қажет. Енді соған еңбек етелік.

Есберген. Сенің айтып тұрғаның қай абырой, аға? Сол абырой дейтін нәрсеңнің әлі де біздің басымызда қалғаны бар деп ойлайсыз ба?

Кедей. Шырағым қыз қашқан деген елге мін емес. Қашқан қызды басына жіберсе мін сол болар. Мәселе қашқан қызда да емес. Мәселе қызды аздырған ерде. Сол еркекті аяқ астына салып, былайша таптамай, еркекпін деген кеудесін ездік кейіпке түсірмей ел сөзін тоқтата алмаспыз...

Есберген. Елдің несі кетіп жатыр? Менің ішімнің от боп жанып жатқанын неге ойламайсыз?.. Өртеніп барады ғой!..

Кедей. Сен ер жігіт емессің бе? Тек ыңғай білдірші! Тап қазір барып

Есжан аулының бір қызын өңгеріп келейін. Қалыңмалы төлеулі. Ана Есжан қызынан он есе сұлуын таңдап әкелейін!

Есберген. Жоқ ағасы... Онымен жара жазылмас...

Кедей. Баласыңдар ғой! Жара дейді... Жазылмайды дейді... Жоқ, жазылады... Күзге дейін бірін емес екі қатынды қатар алшы... Қалай жазылмас екен!.. От орнында күл қалар. Күл орнына гүл шығар!..

Есберген. Ағажан-ай! Жүрегім күйіп барады... Өртеніп барамын... Ішімде біреу бардай... Сол іші-бауырымды ащы запыранға салып, улап жатқандай... Қайтейін, ардақтап жүрген асау басымды құл-құтанға қор ететін болды-ау!..

Кедей. Ойбай-ай, мына азған заманның бозбан адамдарын-ай! Зығырданымды қайнатып... Жүрегі несі... Жарасы несі... Ау, сен жігіт емессің бе?.. Айтып тұрған басың не?.. Жігіт осындайда өз басын ойламас болар. Берісі ауыл намысын, әрісі ру намысын ту етер болар.

Есберген. Кедей, аға! Мен енді не істеймін?

Кедей. Бұл мәселенің екі түрлі шешуі бар.

Біріншісі, қашқан қызды тауып әкеліп, қатын ету. Бірақ қашқан қызды қайтарып алып келіп қатын қылғаннан абырой-атақ көбеймейді. Менің ойымша екіншісі дұрысырақ. Екіншісі Есжан аулының басы бос бір қызын ат көтіне өңгеріп келу!.. Осы дұрысырақ! Кек қайтады. Жұрт та разы болады.

Есберген. Аға сен мені тағы сөгесің ғой, сөге бер, мен Бөбекті жақсы көремін. Мен оның сұлулығын сағынамын, атағына мастатын едім... Әнін тыңдап құмарымнан шығармын-ау деп армандаушы едім!

Кедей. Мәс-саған!.. Намыссыздықтың да шегі бар емес пе? Сен білсең етті, мына әжелерің мен шешелеріңнің жартысынан көбі қалмақтар мен жоңғарлардың қыздары екенін! Соларға сенің ата-бабаң ғашық болып үйленіп, айттырып алып па екен?

Есберген. Ол басқа заман ғой.

Кедей. Заманның бәрі бір заман. Тек адамдары басқа. Сенің өзіңнің арғы шешең қалмақтың қызы емес пе еді...

Есберген. Ол рас.

Кедей. Не ғажабы барын, солардың шетінен жатыры асыл! Адайдың барлық атақтылары сол қалмақтар жиені. Аталарың ғашықтық, сүйіспеншілік демей-ақ, жаудан алып келіп қатын қылып ала салатын.

Есберген. Бәріміз әйелді қалмақ пен жоңғардан алсақ қазақ қызын кім алмақ?

Кедей. Мына шіркін не деп тұр!.. Елін ойлайтын ер бір қатынмен шектелуші ме еді? Әдетте, үлкендер баласына бәйбіше етіп қазақтан айттыратын. Өзіне тең құда таңдайтын. Сөйтіп ұлын өз теңіне, болашақ бәйбішесіне, қазақ қызына үйлендіретін. Ал тоқалдыққа жігіт өзіне ұнаған кез-келгенін, қалағанын, тіпті жаугершілікте қолға түсіп бұйырғанын ала беретін. Отыр ғой біздің

үйде екі тоқал... бірі түрікпен, бірі өзбек шешелерің... Олар ешкімнен өздерін кем санамайды...

Есберген. Үйде береке жоқтығы да содан басталады емес пе?..

Кедей. Үй берекесін ойламас бұрын ел берекесін ойлау қажет, шырағым. Ұлының саны онға, баласының саны он беске толғанша ер жігіттің ел алдындағы міндеті орындалмақ емес. Бір әйел сонша бала туа бере ме? Қатын алу, есінде болсын, сүю мен күй үшін емес, ол мына жан-жағың жауға толы еліңді қорғаудың бірден-бір жолы. Сол жолда әр еркектің қолынан келер жалғыз ерлігі қатын алу. Сосын бала таптыру!.. Міне солай, інішек!.. Барлық еркек қолына қару алып жау қайтара алмайды. Ал әлгі шаруа, қатынмен істелетін шаруа, тіпті түнде дәретіне шығуға қорқып қатынын ерітіп шығатындардың да қатырып істейтін шаруасы...

Есберген. Жаным жылап, тәнім күйіп сізге шағынып тұрсам...

Кедей. Ер жігіт ешқашан өз басының қайғысына жыламас болар. Жалғызы жауда қаза болған, мақтанар болар... Балам жауда өлді деп ер жігіт елге міндет етпейді. Ел азаматтары сондай болғанда ғана ел ел болады. Ал, болды, жарар, інім. Бір сөзді қайталай бермелік. Мен айттым жаңа, бұл істі екі түрлі жолмен аяқтауға болар, қайсысын қалайсың?

Есберген. Бөбекті тауып әкелелік.

Кедей. Әлгі сөздің бәрінің желге ұшқаны ма?

Есберген. Әуелі біреуін аяқталық, қалғанын кейін көрерміз.

Кедей. Екі шаруаны қатар бастасақ қайтеді. Үйленбеген жігітсің. Қашқан Бөбекті үйге бәйбіше дәрежесінде кіргізген ұят болады. Есжан аулының бір қызын бәйбішең етіп кіргізелік әуелі, сосын тоқал етіп Бөбекті де әкелелік.

Есберген. Жоқ, аға! Әуелі Бөбекті табамыз. Бірақ оларды жау деп іздемейміз. Мен Бөбекпен сөйлескім келеді... білгім келеді... Мені етікшіге неге айырбастады?.. *(қызына бастайды)* Қайып дейтінін де көргім келеді!.. Оның бағы неліктен менен артық болды?.. Түсінгім келеді!..

Кедей. Билік сенде, шаруа сенікі, інім. Онда іске кіріселік. Айтар ақылың бар ма?

Есберген. Жақында менің бір жігітім Қайыптан ән үйрендім деп жүрген.

Кедей. Түсінбеймін... Сендей жігітті қиып, өз ауылын жерге қаратып, біздерді масқара етіп... Сондағысы бір жалаңаяқпен қашып... Әйелдерде де шайнам ақыл жоқ. Ән салатын болса жын иектеген әуелілердің бірі болды ғой...

Есберген. Немен қарайсаң сонымен ағарарсың деген. Бөбекті менен ажыратқан Қайып емес Қайыптың өнері мен әні болар. Мен де сол құралды, сол әнді пайдаланам. Той жібермеңдер.

Шілдеханадан қалмаңдар. Қайыптың әні айтылған жерден сол әннің ізімен ілесе беріңдер. Ән ақыры иесіне жеткізеді.

Кедей. Мынауың ақыл екен. Енді бұ Арқадағы бірде-бір той біздің кісілерсіз өтпейтін болады. Әншінің Қайып әнін қайдан, кімнен естігенін сұрастыра жүріп, қашқындардың жасырынған аулын да тауып аламыз.

Есберген. Сол дұрыс.

Кедей. Ақылдысың інім. Тек қана сол ақылға қайсарлық пен намысты жолдас ете алсаң, шіркін! Жауға мейірімсіз бола алсаң!

Есберген. О қасиеттер сіздің басыңызда бар ғой, біздің ауылға жетер сондай бір кісі.

Кедей. *(көңілденіп қалады).* Жарамайды. Қазақтың әр ер жігітінің бас қасиеті – жауына деген мейірімсіздігі, сонымен қоса оның қайсарлығы, намысы.

Есберген. *(Есберген кетіп бара жатып тоқтайды).* Аға! Жау деген сөзді кісі өз елінің адамдарына да пайдала бере ме?.. Қалмақ пен хиуа баскесерлеріне тағылар жау деген сөзді жалғыз жетімге қосарлау қаншалықты дұрыс болар екен?.. Ал жалғыз жетім біздің елдің жауы еді деп даурыққаннан ел не абырой табады дейсің?..
Кетеді.

Кедей. *(Кедей аңырып қалады).* Мен мына заманның жастарына түсінуден қалдым... Бұлар кімдер? Ерлері қайсы, ездері қайсы? Шалалары кім, даналары кім?..

Не десеңдер о деңдер, менің жауым Қайып!

Ол итті табаныма салып таптамай, қара қанын ағызбай...

Жонына найза қадамай... Менің қуанышыма қызыққан көзін ағызбай...

Көзіне көк шыбынды үймелетпей... ендігі жерде менің демімде дұрыс тыныс, ұйқымда дұрыс тыныш болмас...

Шымылдық.

4-көрініс. Қалашылардың оралуы.

Қалашылары Бесқаладан келген Бегей ауылы мәре-сәре боп жатады. Әр қалашының алдынан жақындары шығып, қуануда. Қайыпты ешкім қарсы алмайды. Алақтап жан-жағына қарағанмен Ақбөбек көзіне түспейді.

Ауыл адамдары :

- Аман-саусыңдар ма?

- *Олжалы оралдыңдар ма?*
- *Бесқаланың қай қалаларында болдыңдар?*

Бегей. Бәрі жақсы, сапарымыз сәтті болды.

Ауыл адамдары:

- *Көш-көліктерің аман ба?*
- *Дәл екі ай жүріп келдіңдер.*

Бегей. Өздерің де амансыңдар ма?

Қарт кісі. Ауыл азамтсыз қалып, қорлық көріп отырмыз.

Қайып. Ау, ағайындар! Менің үйімнің түндігі неге жабық?

Бегей. Солай ма?.. Қорлығы несі?.. Ақбөбек келін қайда?

Қарт кісі. Қапияда аяулымызды алдыртып отырмыз. Шырағым, Қайыпжан! Алыс жолдан келдің ғой, үйге кірелік. “Құлақтан кірген суық сөз, жүрекке жетіп мұз болар” – деген екен, үлкендер. Дем алыңдар. Жайғасып отырып айталық.

Қайып. Ақсақал мен шаршап келіп едім, дем алдыр деп тұрғаным жоқ. Менің үйімнің түндігі неге жабық деп сұрап тұрмын ғой.

Бегей. Ау, айтсаңдаршы не болғанын?

Қарт кісі. Айналайын-ай! Аузым барып қалай естіртсем екен! Ақбөбекті Кедей батыр бастаған тентектер келіп тартып алып кетті, бізден. Қапы қалдық.

Қайып. О дүние!, жалғандығың рас екен ғой!.. Ұрлаған екенсің ғой басымдағы бақытты, ұшырған екенсің ғой!.. Құдайым-ай, нем бар еді со Бесқалада? Не жоғалтып ем? Ең болмағанда Ақбөбегімді арашалап, жан бере алмағанымды-ай!.. Бұ тірліктің мәні не, енді?

Бегей. Неғып хабарсыз жатып алды деп едім-ау... Айласын асырғанын-ай!.. Ұмыттырып барып, қапы қалдырғанын-ай! Әттеген-ай...

Қарт кісі. Кедей батыр қашқындарды паналаттың деп, бізге де салмақ салып кетті. Енді бұларға қамқоршы болсаңдар аулың шабылады дейді, бас жауым Қайып емес сенсің, деп кетті, Бегей шырағым.

Қайып. Әттең, шіркін! Ауған асып, Иран өтіп кетпей... Ел... ел деп... Ел дегенде көрсеткені осы ма, бұл елдің?

Бегей. Қайыпжан!, ел емес саған зорлық жасап жатырған. Елден түңілме.

Қайып. Ел болмаса жалғыз Кедей осылайша талтандап жүрер ме еді? Ел емес пе билігін соған беріп қойып отырған?

Бегей. Елден түңілме, шырағым. Ел оны бүгін қолпаштаса, ертең сені қорғайды.

Қайып. Қорғағаны осы ма?

Бегей. “Жол сұрамай жолға түспе” – деген екен, үлкендер. Әуелде де бір қате жіберіп едің. Тағы жаңылыс баспа.

Қайып. ”Жолдан адасу айып емес, жолға жүрмеу айып”.

Бегей. “Бар уақытта болған іске ақылмен кіріс”... “Ашу дұшпан, ақыл дос”, - депті, үлкендер.

Қайып. Ақыл деген бір рет дос болса, екі рет дұшпан болатын болып жүр ғой, біздей жалғыздарға.

Қарт кісі. Енді не істемек ойың бар?

Қайып. Ең алдымен сіздерге зиянымды тигізбеуге тырысамын. Ендігі жерде менің тұрақты орным болмас.

Бегей. Жалғыз өзің не тындырасың? Босына мерт боласың ғой.

Қайып. Бар арманым Ақбөбек жолында мерт болу. Басқа тірлікті қаламадым мен.

Бегей. Сабыр ет, ақылға кел шырағым.

Қайып. Ақбөбек мен үшін бәрін құрбан етіп еді, мен ең болмаса арашаға да түсе алмадым. Ой, шіркін-ай! Арашаға да жарамдым-ау!.. Ақбөбегім-ай! Мен үшін бәрін таразыға тартып едің-ау! Мендей жарлының жалғыз жанынан басқа не бар! Ендігі жерде шалдым құрбандыққа сол барымды...

Қайып өз үйіне беттейді.

Бегей. Қайыптың үйінің түндігін ашсаңдаршы.

Бір келін асығып барып түндігін ашады

5-көрініс. Қайып қасіреті.

Қайып үйінде теңселіп әрлі-берлі жүреді.

Қайып. Ай, пендешілік-ай! Базар шығып Ақбөбекті үлде мен бүлдеге орағым келді-ау!.. Бай қызы ғой, дүниеден тапшылық көрмесін деппін. Ол болса “осы сапарға бармашы” деп қанша сұрады, қанша жалынды... Кімге керек енді мана алтынзер маталар... алтын түймелер... Иесіз қалған... Адыра қалған... Ақбөбегім-ай, жүзіңді бір көрмекке зар болып келгенде...

Әкелген заттарын қоржынынан шығарып, лақтырады.

Кереге басында ілулі тұрған Ақбөбектің қызыл шарқат орамалын қолына алады.

Зар қылдың-ау, жүзіңді бір көруге...

Домбырасын күйге келтіреді. Атақты “Ақбөбек” әні туады.

Қайып.

Барады көшіп аулым Ақкөлмекке,
Жарасар алтын түйме ақ көйлекке.
Жаңғақтан алып келген Ақбөбегім,
Зар болдым ақ жүзіңді бір көрмекке.

Ән салдық Айрақтыдан құлап тұрып,
Ойнаушы ек қызыл шарқат лақтырып.
Барма деп бұл сапарға жалынып ең,
Сүйеніп үзеңгіге жылап тұрып.

Ақтаудың түлкі қашар қуысынан,
Артық ең сен ерекше тусыңнан.
Адайдан таңдап сүйген Ақбөбегім,
Кеттің бе шығып менің уысымнан.

Үй маңына ел жиналып қалады. Қайып жинақтала бастайды.

Бегей. Шырағым, қайда жиналдың?

Қайып. Бегей аға! Рахмет саған. Кезінде мендей жаңғызға пана болдың. Қорықпадың. Бірақ олар айласын асырды. Ақыры алып тынды. Енді мен не істесем де жүрегімнің сілтеуімен, Ақбөбектің қалауымен істейтін боламын. Ешкіммен ақылдаспаймын да, көмек те сұрамаймын. Ендігі жерде жалғыз жортамын. Хош, сау болып тұрыңдар.

Бегей. Қайыпжан, сенің бізге бөтендігің жоқ еді. Жалғыз кетем дегенің батып тұр. Бірақ керек кезінде арқа сүйер ел керек болса біз дайынбыз. Шама-шарқымыз келгенше көмегімізді көрсетерміз. Сендер келгелі аулымыз көріктеніп қалып еді. Сағынатын болдық.

Қайып. Рахмет, жездеке. Мен енді тірлік қамын ойлай алмаспын. Ақбөбек жолында жан берсем, маған ендігі жердегі ең үлкен мұрат сол болар.

Бегей. Билер сотына жүгінсек қайтеді?

Қайып. Билер соты дегенің мен үшін Итбай соты емес пе? Олар некелі қалыңдықты, ұзаатайын деп тойын дайындап жатырған қызды алып қашқан адаамды қорғаушы ма еді?

Бегей. Білмедім, Қайыпжан... Ақыл таппай тұрмын.

Қайып. Ақбөбекті тағы бір қолыма түсірсем, бұ адайлардың көзі көрмеген, құлағы естімеген бір елге асып кетермін.

Бегей. Туған жерден жырақтап...

Қайып. Қайтып оралармыз, кейін.

Бегей. Қайда жүрсең де аман бол, Қайыпжан! Аллаңа сыйынып, еліңе сүйеніп іс қыл. Сонда ғана қате қадам баспассың... Ешқашан елден түңілме, шырағым. Елі жоқ адам бақытты болмақ емес.

Қайып. Ел деген мына сіздер емессіз бе... Сіздер тұрғанда мен де елсіз емеспін. Ашу үстінде артық айтылған сөз болса кешіріңіздер... Қош, сау болып тұрыңдар... *Қайып кетеді.*

Бегей. Аман бол, шырағым... Ай тағдыр-ай... Ай, тағдыр-ай... Қайыптай асылдарды қасірет қазанына малып қайнатқан...

Шымылдық.

6-көрініс. Қойшы бала.

Дала. Жайылып жатқан мал. Қойшы бала домбыра тартып отырады. Келе жатқан Қайыпты көріп алдынан шығып сәлем береді.

Қойшы бала. Ассалаумағалайко-ом!

Қайып. Інім, күйшісің ғой өзің!

Қойшы бала. Күйшілік қайда. Қой баққан кісиде уақыт көп. Ермек етеміз, осылай. Бірақ мен көбіне ән айтамын.

Қайып. Әншімін де. Қандай ән білесің?

Қойшы бала. Мен “Ақбөбек” деген бес ән білемін.

Қайып. Менің әнімді кімнен үйрендің?

Қойшы бала. Сонда, Сіз Қайып ақынсыз ба?

Қайып. Ақынмын ба, етікшімін бе, ол жағы белгісіз, бірақ Қайып екенім рас.

Қойшы бала. Мен сіздің барлық әніңізді жатқа білемін.

Қайып. Оны саған кім үйретіп жүр.

Қойшы бала. Осы күні жиын-той болса жастар сіздің әнді ғана айтады. Үлкендерден жасырып айтады.

Қайып. Ал біреуін айтып көрші, тыңдалық.

Қойшы бала.

Көшкенде жылқы айдадым қараменен,
Бір құрық алдым кесіп араменен.
Айрылып таңдап сүйген Ақбөбектен,
Жүрегім қан қақсайды жараменен.

Сұңқардай қомдап қанат іліп едім,
Сүйенер ешкім жоғын біліп едім.
Болған соң айтысқан серт, алысқан қол,

Кете алмай маңайыңнан жүріп едім.

Қайып. Жақсы жаттапсың ғой.

Қойшы бала. Бұндай сөздерді мен бір-екі естігенде-ақ жаттап аламын.

Қайып. Менің сенен бір сұрағым бар. Орындайсың ба?

Қойшы бала. Қайып аға, сіздің сұрағыңызды неге орындамасқа, орындаймын.

Қайып. Ендеше мен саған бір ән үйретейін, оңашасын тауып Ақбөбек жеңгеңе айтып бер. Менің сәлемімді жеткіз.

Қойшы бала. Ақбөбек маған жеңге емес, апа.

Қайып. Онда одан да жақсы болды. Мен онда саған жезде боламын.

Қойшы бала. Білемін.

Қайып. Ал тыңда. *Қайып өлең айтып береді.*

Ақбөбек сәйкілікпен бұраңдадың,
Сұм жалған өтер деп ем, тіл алғаның.
Басыңды тауға, тасқа ұрсаң-дағы,
Дегені болады екен бір Алланың.

Алашқа атым шықты әйгіменен,
Сұр атқа жал бітпейді бәйгіменен.
Айрылып Ақбөбектен қалғаннан соң,
Жүрекке ас батпайды қайғыменен.

Мен кәзір жықпылдағы Арлан бөрі,
Жүзіңді көре алмадым жылдан бері.
Шақырам кездесуге келе алмасаң,
Болғаны уағдаңның жалған жері.

Қойшы бала өлеңді сол бойда қайталап, кейбір жерлерін қайта сұрап жаттап алады.

Қойшы бала. Басқа не айтайын?

Қайып. Менің Ақбөбекпен кездесуім керек. Сенен қай күні қайда кездесетінін айтып хабар берсін.

Қойшы бала. Жезде, тағы ән шығарсаңыз, әуелі маған үйретіңізші.

Мен тойда жұртты бір таң қалдырайын.

Қайып. Сосын сенің теріңді сыпырады ғой. Қайыпты қайдан көрдің

деп жауапқа тартады ғой, ақылсыз бала.

Қойшы бала. Олар бүкіл даланың аузын жауып қоя алмайды. Бәрі Ақбөбек деп ән салып жатыр емес пе!..

Қайып. Дегенмен сақ бол. Мен сенен хабар алып тұрамын. Мені

көрдiм деп ешкiмге тiсiңнен шықпасын. Оны өзiң бiлесiң, басыңа қауiп.

Қойшы бала. Маған не болушы едi. Сен өзiң сақ бол, жезде.

Қайып. Рахмет. Ал сау бол. *Кетедi.*

Қойшы бала. Қайып деген осындай кiсi екен ғой... Қайып маған ән

үйреттi десем ешкiм сенбейдi-ау, ендi... Тек қана айтуға да, мақтануға да болмайды...

Шымылдық.

7-көрiнiс. Бөбек пен қойшы бала.

Киiз үй iшi. Бөбекке қойшы бала сыбырлай сөйлеп хабар айтып отырады.

Бөбек. Iнiм, халың қалай? Не хабар бар, мынау меңiреу дүниеде?

Қойшы бала. Хабар көп. Қазiр бүкiл дала Ақбөбек-Қайып деп ән салып жатқандай. Жақында бiр жолаушымен сөйлестiм. Бiздiң ауылдың Итбай ауылы екенiн естiгенде бiрден сенi сұрады. Сенiң екi туып бiр қалғаныңдай боп:

- Ақбөбек қандай екен?
- Сұлу ма өзi?
- Жағдайы қалай?
- Сорлы қорлықта жүрген болар, - деп, сұрақты жаудырды дейсiң.

Сусын сұрап едi, әуелi ерегесiп бермедiм. Бiрақ Сен туралы Қайыптың шығарған бiр әнiн айтып бергесiн амалсыз жiбiп, шөлiн қандырып жiбердiм.

Бөбек. Ол қандай ән?

Қойшы бала. *Ән айтады.*

Үстiрттiң аулым қонды кемерiне,
Көз тоймас Ақбөбектiң бедерiне.
Ғашықтан өлi айырмай тiрi айырған,
Алланың таң қаламын шеберiне...

Бөбекке елден ерек өң берiлген,
Жаманның басы малмен теңгерiлген.
Бұл елде қанша сұлу кездесе де,
Бәрi де Ақбөбектен кем көрiнген.

Күйiктен жанып барам, жылай алмай,

Айрылдым Бөбегімнен Құдай алмай.
Қайғымен зәр жұтқанмен ақырында,
Ас таттым үш күннен соң, шыдай алмай.

Бөбек. *Жылайды.* Мен қайтейін, Қайып! Талай жалынып едім,
сонда

да біздің бағымызды Құдай ашпады ғой.

Қойшы бала. Тағы бір хабарым бар айтатын.

Бөбек. Мен кеше Қайыпқа кездестім.

Бөбек. Не дедің, інім-ау! (*Бөбек балының екі қарынан ұстай алады*).

Оны неге айтпай отырсың?

Қойшы бала. Қайдан білейін, сіздің не ойлап қалатыныңызды?

Сосын әуелі жолаушыдан естіген әнімді айттым ғой. Мүмкін Қайыптан
айныған боларсыз. Мына жаңа күйеуіңізбен тұрып жатырсыз ғой.

Бөбек. Балаға дейін қулық ойлатып қойған қу заман-ай!..
Қайтейін...

Қайдан көрдің? Қайып не деді?..

Қойшы бала. Апа, саған Қайып жаңа ән шығарыпты.

Бөбек. Әнді қоя тұршы!.. Ол не айтты?..

Қойшы бала. Жоқ әуелі әнді айт деген.

Бөбек. Ал айта ғой.

Қойшы бала. Айтамын. Бұндай жақсы әнді мен бір естігенде-ақ
жаттап аламын.

Бөбек. Сыртқа шығып қарап келші. Маңайда ешкім жоқ болса,
жайлап қана айтып бер, айналайын.

Бала далаға шығып келеді. Ешкім жоқ деп жай дауыспен ән салады.

Қойшы бала.

Ақбөбек сәйкілікпен бұраңдадың,
Сұм жалған өтер деп ем, тіл алғаның.
Басыңды тауға, тасқа ұрсаң-дағы,
Дегені болады екен бір Алланың.

Алашқа атым шықты әйгіменен,
Сұр атқа жал бітпейді бәйгіменен.
Айрылып Ақбөбектен қалғаннан соң,
Жүрекке ас батпайды қайғыменен.

Мен кәзір жықпылдағы Арлан бөрі,
Жүзінді көре алмадым жылдан бері.
Шақырам, кездесуге келе алмасаң,
Болғаны уағдаңның жалған жері.

Бөбек. Менің торға түскен тотыдай күнімді ол көз алдына елестете алады дейсің бе? Әйтпесе маған “уәдең жалған” деп айып тағар ма еді?..

Қойшы бала. Апа, Сіз оған ренжімеңізші. Оның да келісіп жүргені шамалы секілді.

Бөбек. Оны сен қайдан білесің?

Қойшы бала. Жақында көрші ауылда шілдехана болып, Қайыптың әні деп бір әнші отырған бар халықты жылатқан. Ол елден, жұрттан безіп кетіп, жабайыдай жалғыз жүретін көрінеді.

Бөбек. (*Бөбек жылайды*). Азамат қор болды-ау!.. Ол ерекше жаратылған жан ғой. Оның тұрған жерінде жанға жайлы керемет... бір ғажайып... не екенін білмеймін... жылылық па, сәуле ме... әйтеуір ерекше құбылыс пайда болады... Жаның рахатқа батып жүре береді... Қайтейін...

Қойшы бала. Қазір бүкіл ел аузында Қайып әндері. Сіздер отырғанда айтпайды. Оңашада Қайыптың Ақбөбек деген әндерін бірінен бірі оздырып салады.

Бөбек. Сен сөзге айналдырып не созып отырсың. Ол саған не айтты?

Қойшы бала. Кездескім келеді деді. Сөйлесемін деді. Оңашасын тауып кездесетін жерін айтсын деді.

Бөбек. Барамын!.. Жетемін!.. Табамын оңашасын...

Шымылдық жабылады.

8-көрініс. Қайып пен Бөбек. Қашқындар.

Ауыл маңындағы тоғай іші. Қайып Бөбекті күтіп тұрады. Жан-жағына жалтақтай қараған Бөбек көрінеді.

Қайып. Ақбөбек!..

Бөбек. Қайып!..

Екеуі ұмтыла құшақтасып, ұзақ тұрып қалады.

Қайып. Кешір мені, арманым!.. Ақбөбегім!.. Мына өмірдің иірім-толқын ағысының арасынан жол таба алмаған сор маңдайыңды кешіре көр!

Бөбек. Бәрі менен болды! Сен мені кешір! Қол жетпеске қол созып... Бәрін бүлдірген мен...Іштен тынып, саған деген сезімнің жылуына оңаша жылынып, өз қасіретімді өзім арқалап, жайыма жүре беретін жөнім бар екен. Міне енді сені сергелдеңге салып кеткенім.

Қайып. Олай демеші! Мен бақыттың не екенін, сүюдің не екенін

білдім ғой, сенің арқанда. Сол күндерім үшін қалған бар ғұмырым садаға.

Менде өкініш жоқ. “Ғашықтық та бір тұзды су, ішкен сайын шөлдетер” – деген екен. Менікі қанбайтын шөл...

Бөбек. Бұрынғылар: “Бас аман болса бөрік табылады” – депті ғой... Қайып аға, басың аман. Шаңырағыңның қары сынса, жамап аларсың. Көңіліңді кір шалса тазартып аларсың. Біреудің ұстап-тұтқан Бөбегі енді Сізге өзіңнің Ақбөбегіңдей боп көрінер дейсің бе?.. Тыйылалық енді... Көнелік тағдырдың басқа салғанына...

Қайып. Маған тірі өлік болып өмір сүр дегенің бе? Мен ендігі жерде тек қана сенімен Қайыппын. Мен сенсіз тірі өлікпін.

Бөбек. Олай болса мен де шынымды айтайын. Мен тек қана сені бір көрсем деп, осы сәт үшін ғана өмір сүріп келдім... Әйтпесе... Баяғыда-ақ...

Қайып. Айтпашы аржағын... Екеумізде ұмыталық, аз күн көрген азап пен жаман түсті.

Бөбек. Ұмыталық.

Қайып. Бұл жолы бұлардың құрығы жетпес жерге кетерміз.

Бөбек. Не болсада шыдадым. Тек өзіңмен бірге болсам болды маған. Азабына да, тамұғына да көнермін.

Қайып. Мен қос атпен келіп тұрмын.

Бөбек. Мен сенен өз еркіммен айрыла алармын ба? Мені енді қасыңнан тастамашы.

Қайып. Бөбегім... Ақбөбегім... *(Құшақтайды)*.

Бөбек. Рахмет Тәңірім. Енді өліп кетсем де арманым жоқ.

Қайып. Ей, Алла! *(көкке қолын жайып)* Мына сорлы балапандарыңа пана болар бір ығың жоқ па?.. Ықтатсайшы!.. Бір түп жусаның жоқ па? Паналатсайшы!..

Шымылдық.

9-көрініс. Тұтқындар. Құлшар. Ант.

Просцениум. Кедей мен нөкер жігіт шығады.

Кедей. Адамдар да қалжырады, аттар да шаршады. Осы араға ат шалдыртып алалық. Ұстадық қой. Енді онша асықпалық.

Нөкер жігіт. Жарайды. Жігіттер де жүрек жалғап алсын.

Кедей. Ана қаншықтың аузына ара-арасында су тамызып қойыңдар. Өліп қалмасын.

Нөкер жігіт. Өлсе өрем қапсын демейміз бе?

Кедей. Әй, бассыз неме! Оның өлгеннен кек қайта ма? Ол өліп қалса ердің кегін, елдің кегін немен қайтарасың?

Нөкер жігіт. Сонда кек қалай қайтады?

Кедей. Ер кегі де, ел кегі де ана қатын есік алдында күң болып азып-тозып жүргенде қайтпақ! Қызының қандай қорлықта жүргенін көрген ел-жұрты күнде сабылып, Итбай алдына жығылып, айыбын төлеп, басына бостандық сұрағанда ғана қайтпақ!

Нөкер жігіт. Есберген кегі қайтсе қайтады, батыр аға! Осы сұрақ ойыма түссе болды, тұла бойым ысып жүре береді. Қашқан менің қатынымдай-ақ, қолым қамшының басын уатып жіберердей боп, шириғамын...

Кедей. Ол қайтпайтын кек қой! Ол біздің сүйегімізге басылған таңба! Ол тек қана сол ауылдың ұзатылғалы отырған қызын ат көтіне өңгеріп келгенде қайтпақ!

Нөкер жігіт. Неге солай жасамаймыз?

Кедей. Мен оны баяғыда “қыз қашты” деген хабар жеткен күні айтқанмын. Көнді ме?

Нөкер жігіт. Неге?

Кедей. Ой, намыссыз неме, ел жауласады дей ме? Жұрт жәбірленеді дей ме? Біреудің жүрегі жараланады дей ме?.. Сол індет пәлені солар кімнен үйренген? Түсінбеймін...

Нөкер жігіт. Есберген ағаны жұрт ақылды жігіт деп мақтан ететін еді...

Кедей. Ақылды болса болар, бірақ сол қажетсіз нәрсесін ол өзіне қажет емес жаққа пайдаланады.

Нөкер жігіт. Басына пайдасы жоқ болса, рулы елінің намысын күйдіріп жатса, ол ақыл бола ма?

Кедей. Ақылды ағаң соған түсінбейді.

Нөкер жігіт. Қызық екен... *(екеуі кетеді).*

Шымылдық ашылады.

Демалып жатқан Кедей нөкерлері. Торсық, мес секілді ыдыстардын сусын ішіп жатады. Қолы байлаулы Қайып пен Бөбек. Сахнаға Кедей мен Есберген шығады.

Есберген. Батыр аға, мына сорлыларға да сусын бергіз. Шөлден азап шегіп қалған болар. Ана сорлы қансырап өліп қалмай ма?

Кедей. Жанды жеріне жара түскен жоқ, өлмейді...

Есберген. Жарасын таңдырмайсыңдар ма?

Кедей. Жауыңа жаның ашып тұр ма? Ол сенің абыройыңды төгеді, еліңді масқараға қияды. Ал сенің оған жаның ашиды, а ?..

Есберген. Ол қазір етікші де емес, жау да емес жаралы жан ғой.

Кедей. Әй, інім! Күнәһар болма. “Күнәні кешіру, күнәдан ауыр” – деген, ақылдылар.

Қайып. Бай мырзаларының ішінде де жөні түзу, ойы орындылары болады екен-ау! О, Жаратқан! Олар оны кімнен үйреніп жүр?

Кедей. Жеті мүшеңе деп жеті жара салып ем денеңе! Тілің аман қалған екен ғой! Сөйлеп қал, бүгін! Ертең айтқысы келгенмен ештеңе дей қоймас!

Қайып. Ей, ессіз неме! Сен менің денеме жара салдым деп мәз болып тұрсың ба? Ал мен болсам Ақбөбегім жолында денеме таңба түсті деп қуанып жатырмын!

Сен мені кісендеп құл етемін деп өзіңе-өзің риза боласың ба? Ал мен болсам Ақбөбегімнің жолында әлі де азап шексем деп дәметіп жатырмын!

Сен менің өлтіре аламын деп қоқиланып тұрсың ғой! Ал мен сендейлерді аяп жатырмын...

Бар ғұмыры босқа кеткен байғұстар!.. Менің Ақбөбекпен бірге болған бір күнімнің шаттығына сендейлердің жүз жылдық тірліктерінде көрген ләззәттарың жетпейтінін қайдан сезейін деп едіңдер!..

Бөбек. Рахмет, Қайып. Енді өлсемде армансызбын!

Кедей. Тіл сүйексіз, көз соқыр! Сайрап қал, етікші... Тағы не айтасың, не естіп не көргенің бар?

Қайып. Бізді қолға түсіріп көңілденіп келеді екенсің ғой! Тыңда онда... Сендей соқырлардың көзін ашып, көкірегін оятып жіберейін...

Кедей. Ал тыңдалық.

Қайып. Қарашы аспаныңа! Ана төбеңдегі бозторғайды көрдің бе? Не деп шырылдап тұр? Көкірегіңмен тыңдашы... Менің Ақбөбекке арнаған әнім емес пе шырқап тұрғаны?..

...Мына жел не деп сыбырлап тұр?

Кедей. (Ызалана күледі) Ал жел не депті?

Қайып. Жел былай дейді...

Тыңдаңыз Кедей батыр құлақ түріп,

Жер ана былай депті жылап тұрып...

Қор болды-ау екі ғашық есерсоққа,

Ойнаушы еді қызыл шарқат лақтырып...

Кедей. (Ашулана бастайды) Тоқтат қайыршы! Құдай осындайларға түк бермесе де, тікені бар тілді аямайды екен... Ештеңе етпес, ертең шолтаңдатып жүретін боласың...

Бұлардың қасына нөкер жігіт келеді.

Нөкер жігіт. Бір топ аттылар көрінеді.

Кедей. Жігіттер сақ болсын.

Нөкер жігіт. Қарулары жоқ, жай адамдар секілді.

Кедей. Киімдері қуғыншыға ұқсамайды.

Нөкер жігіт. Атқа отырыстарын қарашы!..

Есберген. Сал-серілер секілді, бейбіт жолаушылар ғой.

Нөкер жігіт. Ау, ана ортадағысы өткен жылы біздің ауылда бір ай күй тартқан кісі ғой!

Есберген. Онда о кісі Құлшар күйші болды.

Құлшар күйші мен оның нөкерлері келеді. Кедей де, Есберген де Құлшар күйшіні танып, ізетпен сәлем беріседі.

Құлшар сәлем алады. Байлаулы Қайып пен Бәбекті көреді. Бәбектің қасына барып қолын шешеді.

Құлшар. Кедей батыр! Жасауылың біраз бар екен, мына сорлы қыз, қолы бос болған күнде де сіздерге зорлық жасай қоймас.

Кедей. Әңгіме оның енді көрсетер зорлығында болмай тұр ғой! Әңгіме оның бұрын көрсеткен қорлығында болып тұр ғой.

Құлшар. Әй, шырағым-ай! Бүкіл ел болып қорланып қалған екенсіңдер ғой?.. Болар, болар... Халық сорлының аузына осы сөзді салып шайнатып қойып, өздерің қалаған зорлықтарыңды қалағандарыңша істей беретін баяғы әдеттерің ғой!.. Әйтпесе, айттырулы бір қыздың басқа біреуге көңілі жарасса байтақ елдің қорлық көрердей несі кетеді екен?..

Кедей. Халық ызалы, жарылғалы отыр.

Құлшар. “Бет қызылы басылар, ет қызуы қасылар” шырағым. Содан кейін барып ақыл көзі ашылар. Көкіректегі ыза орнын ақыл басқан кезде ел алдында қарабет болып шыныменен зорлықшылар шығатын.

Кедей. Сонда Сіз осылардың істеп жүргенін қостаймысыз?

Құлшар. Жоқ, қостамаймын. Бірақ, болар іс болып қалды емес пе? Бұлар бала емес пе? Ел дана емес пе?.. Енді бүкіл ел болып екі баланың қатесін даналықпен жөндеудің орнына бүкіл ел болып қателесудің не жөні бар екен?.. Соны неге ойламайсыңдар?..

Кедей. Сонда осындайларды басына жіберіп, басқаға үлгі беріп отыра береміз бе?

Құлшар. Әй, шырағым-ай! Істеген ісіңнің бәрін үлгіден үйреніп істеп жүрген нең бар еді... Тағдыр дағы, бұларды кездестірген.

Кедей. Ата жолы дейміз... Елдің әдет-ғұрпы дейміз...

Құлшар. Ата жолы деп жақсы айттың ғой, менің бір сұрағым бар.

Кедей. Сұраңыз.

Құлшар. Кедей батыр! Ел арасында батыр атағың бар, әдет-ғұрып, жол жораны жақсы білесің. Қай заманда да батырдан сауға алатын, сұраған кісі.

Кедей. Ондай жоралғы болған.

Құлшар. Сендей батырдан өз елінің жасы жеткен мендей қарты түгілі, тіпті жауы да сауға сұраған. Сұраса алған.

Кедей. Алған. Алған.

Құлшар. Ендеше, сауға!, батыр Кедей!

Кедей. Сұраңыз.

Құлшар. Мен сауғаға Қайыпты қаладым. Кегің қайтқан болар, тұла бойында жара түспеген жері жоқ екен.

Кедей. Елді бүлдірген бұзақы емес пе бұл!.. Ендігі қалған жазасын ел алданда алғаны дұрыс болар.

Құлшар.

“Ерді Құдай ұрарда жауға мінер жампозын, көп жабының бірі дер; Елді Құдай ұрарда жауға салар жақсысын, көп жалпының бірі дер” – дегендей, елдің жақсысы да, жампозы да топ осы Қайып секілділер.

Кедей. О бұзақының зәбірі өтіп тұр ғой.

Құлшар. “Біреу зәбір етсе, сен сабыр ет” – деген бар емес пе. Қайыпты біреу бұзақы, ата жолын бұзды деп жек көрер. Жазалағысы келер... Енді бірі жүрегінің қалауына ұмтылған ғашықтарға жол көрсетті деп, үлгі тұтар... Біреулері бұрынғылардың айтқанының бәрі қағидат емес екенін, молдалардың айтқанының бәрі бірдей шарифат емес екенін елге түсіндіріп берді деп, батыр санар. Жырға қосар. Атын аңызға айналдырар.

Кедей. Мен Қайыпты бере алмаймын. Қайып ісіне бола бармағын шайнап отырған елге не бетімді айтамын. Сауғаның да реті бар шығар, жобасы бар шығар. Мен тілегіңізді бере алмаймын, ақсақал.

Құлшар.

“Ер асылы ісінен білінеді, әйел асылы тісінен білінеді”... Ия, солай шырағым... Ісің шалалау ма деп қалдым...

Кедей. Ісім қате ме, шала ма... Мен оны ойлап көрген жан емен. Мен ер намысы мен ел намысын біреудің табанына бастырғым келмейтін жанмын...

Құлшар. Шырағым Кедей! Қайып дәстүрді бұзды деп елге жар салдыңдар. Айыптадыңдар. Ал жетпістегі қартының тілегін бермеген Кедей қылығына ертең ел не дер екен? Сенің бұл қылығың ата дәстүрін сақтаған болады ма екен? Сенің Қайыптан артық жерінді көре алмай тұрмын.

Кедей. Ол қалыптасқан ата дәстүрін бұзды, ақ некені бұзды.

Құлшар. Ол өлілер ережесін бұзған екен, Сен тірілер ережесін бұзып тұрсың. Мен сені билер сотына шақырттырамын. Сол сотта шешім шығаратындар сенің өлі аруақтарың емес, тірі аруақтар болмақ. Көрерміз содан кейін сенің жел үрлеген торсықтай Кедей атыңнан, батыр атыңнан не қалатынын. Семдіртіп берермін.

Кедей. Ақсақал, мен батыр атымды жауға көрсеткен ерлігім үшін алғанмын.

Құлшар. Ей, Кедей! Қол бастағаның рас. Бірақ ерлік көрсеткен сен емес, ел болатын. Ел қайратын өз ерлігім деп халыққа міндет арту жігіттікке мін... Мен кездейсоқ кездесіп қалдым, сіздермен. Мен ешкімнің жақыны емеспін. Бірақ қамқоры жоқ жалғыз деп ойлап қалма, мына Қайыпты. Ол ел сүйіктісі. Есіңде болсын, егер сенің мына қырсық мінезіңнен екі ру арасында қақтығыс бола қалатын болса, ара ағайын

есебінде өздерің айтатын “тары көп пе, жары көп пе деп”, сол тарыдай Жары да, мыңғырған Мұңал да ана жаңғыз Қайыптың сөзін сөйлейтін болады. Мен солай істетемін!..

Кедей. Не дерсің, бұларға! Тілде сүйек жоқ. Бар адайды жұдырығын сыйғызып ала қойғанын қарашы.

Құлшар.

“Ынтымақсыз елді ұрысы билейді,
Ынтымақты елді дұрысы билейді”

Есберген. Құлшар ата! Мынау іске қатысым болғалы не істерімді білмей, қате қадамды көп басыппын. Анамның сөзін де тыңдамап ем. Бірақ бір қателік барын сезуші едім, сіз менің көзімді ашып бердіңіз. Рахмет!

Кедей аға! Бұл дау әзірге екі рулы елді көрші қонбастай жауластырып отыр еді. Енді қару ұстатар қақтығысқа жеткізуге айналдырар реті бар ғой. Құлшар атаны Алла тағала өзі жұмсаған болар, періште өзі бастап кездестірген болар. Шешілмес түйіннің шешілгені шығар. Жәбір көрген де мен, жоқшы да мен. Босатыңдар Қайыпты. Бердім Құлшар ата, тілегіңді.

Есберген жігіттеріне бұйрық береді. Жігіттер Қайып қолын шешеді. Құлшардың екі жігіті Қайыпты сүйемелдеп өз тобына қосып, сусын береді.

Кедей қанжарын қынынан суырып Бөбек қасына жетіп барады.

Кедей. Бір елдің адамын жазым қылдың деп, ол қу бас жалғыз болса да құн сұрайтындар табылар! Алсаңдар алыңдар. Ал мына қаншықты мен өз қолыммен бауыздаймын. Әй, Қайып жігіт болсаң бері кел. Бір ауыз сөзім бар саған айтатын!

Қайып жақындайды.

Қайып. Ақбөбегім! Кешіре көр, қор еттім-ау, сенің алтын басыңды!..

Бөбек. Қиналма, жаным. Міне антым! Дәм жазып тағы келсең, тағы қашамын. Мен сендікпін!

Кедей. Тоқтат, қаншық! Әйтпесе осы аузыңнан шыққан соңғы сөз!

Қайып ұмтылады. Қайыпты сүйеп тұрған жігіттер ұстап тұрады.

Кедей. Ей, Қайып! Мынаның аты қанжар. Ол мына қолдың қаруы. Қол менің қаруым! Ал қару менің жүрегімдегі тілекке бағынады. Бір тарт, басын бөліп түсір десе, қанжар басты бөлек түсіреді де қояды. Мен дәл қазір солай істеймін де. Құлшардың билерін сосын көріп

алармыз. Бірақ маған олай істетпейтін бір-ақ ауыз сөз бар. Ол сөз сенің антың. Жігіт болсаң ант ет! Ант еттім де. Енді қайтіп Бөбектің маңына жоламаймын де!...

Бөбек. Қайып... Ант бере көрме... Мен сенің ант аттай алмасыңды білемін ғой...

Кедей. Айт!.. Қайтала!..

Қайып. Кешір, Бөбекжан!.. Көндім тағдыр талқысына. Мендік болмасаңда тек қана сен тірі бол.

Бөбек. Маған сенсіз тірлік жоқ...

Кедей. Қайып! Бол енді, созбаламай. Айт, Алла атымен ант етемін де!

Қайып. Алла атымен ант етемін.

Кедей. Енді қайтып Бөбек маңынан жүрмеймін де!

Қайып. Енді қайтып Бөбек маңынан жүрмеймін.

Кедей. Өзім енді қайтіп Маңғыстау топырағын баспаймын де!

Қайып. Ол не үшін?

Кедей. Қайтала, әйтпесе...

Қайып. Енді қайтып Маңғыстау топырағын баспаймын.

Кедей. *(Жігіттеріне Бөбекті көрсетіп)* Алып кет, мынаны.

Есберген. Құлшар ата! Біз бір тығырыққа тірелдік. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айыра алмайтын түйінге тап болдық.

Кедей. Жігіт дейді-ау, осындайларды да. Ай, ата-баба аруағы... Кешіріңдер... Тұқымың азып-тозып, бақа-шаян, құрт-құмырсқа болып кетуге айналды.

Құлшар. Кедей шырағым! Ер жігітке қаталдық дұшпанына етсе жарасар. Аталарың қатал бол демеген. “Алдыңа келсе атаңның құнын кеш” - деген. Сен жалған түсінікте жүрген жан екенсің. Сенің халқыңа салар пайдаңнан, тигізер зияның да аз болмас...

Құлшарлар кетеді.

Кедей. Келін алып қызықтаймын деп отырған ауылымның қызығын тәрк етсе, азаматымды бар адайға масқара етсе, ол менің жауым болмай кімім екен? Жаудан да қауіпті, көрінбейтін іштегі жегі құрт емес пе екен?

Әттең... Қайдан кездесе кетті... Жеңіс жарты жеңіліс боп қалғанын қарашы...

10-көрініс. Итбай ауылының адамдары.

Сахнада Итбай аулының адамдары.

Дауыстар:

- Алып келе жатыр!

- Ұстапты!
- Сорлап қалатын болды-ау, бебақ сорлы!
- Күйлеген қаншық... Төбеті қайда, көрінбейді ғой...
- Атқа жүк қылғанша деп, бауыздай салған болар...

Сахнаға Кедей, Есберген, Бөбек және нөкерлер шығады.

Кедей. Бай-еке! Ұрыңыз ұсталды.

Итбай. Көзге түспей тұр ғой.

Кедей. Жолда атақты Құлшар күйші кездесіп, сауғаға сұрап алып қалды.

Итбай. Сауғаға берерлік ол сенің олжаң ба еді?

Кедей. Мен бермейін деп едім, балаңыз Есберген босаттырды.

Итбай. *(Итбай баласына қарайды).* Не ойлағаның бар балам?

Есберген. Біз бұл дауға еріксіз шатылып қалдық қой, еке. Сол шатақтан абырой жоғалтпай шықсақ па деп едім.

Гүлсара. Балам дұрыс айттың. Бағытың дұрыс.

Итбай. Сенің не ойлағаның бар еді, бәйбіше?

Гүлсара. Не деген бақытсыз жандар еді, бұлар. Мен әуелі олардың ұсталмағанын тілеп едім. Сосын ұсталғанын тіледім. Егер ұсталып екеуі осы жерде тұрса...

Итбай. Ал... осы жерде тұрса...

Гүлсара. Онда... Екеуі ұсталып осы жерде тұрса... Ана Бөбектің қасында Қайып тұрса...

Итбай. Ал, Қайып тұр делік... Сонда не болар еді?..

Гүлсара. Онда ма, онда... Отағасы! Мен, тап қазір бұрымымды былайша тарқатар едім...

Гүлсара бұрымын тарқата бастайды...

Сосын сенің аяғыңа былайша жығылар едім...

Итбайдың алдына келіп тізерлеп отырады.

Сосын, сенен, Құдай қосқан қасағым... Мына екі бейбақ күнәсіне кешірім ет те екеуінің некесін қидырып, өз қолыңмен қос... дер едім... Тілекті Құдай беріп тұр ма? *Жылайды.* Сонда ғана елдің де намысы жоқталар еді. Есбергенімнің жарасына әкесінің ісі ем болар еді. Әлгі сорлылар да бақытқа жетер еді...

Итбай демеп әйелін орнынан тұрғызады.

Итбай. Құдай қолдамайын дегені ғой!.. Сәтін салмағаны. *(Баласына*

бұрылады). Шырағым, заман сенікі. Осы шырғалдаң басыңа тап болған екен, шешім де сенікі. Әу басында мен билікті Кедей екеуіңе бергенмін. Мен араласпаймын. Қалағаныңша, ақылыңның жеткенінше, өз намысыңды таптатпай, ел-жұртыңның да бар екенін ойлай шеш. Анау шешең де тегін адам емес...

Итбай шығып кетеді.

Есберген. *(өзіне өзі сөйлегендей болып)* Мен анамның бойында бір ұлылығы қасиет барын сезетінмін. Бірақ осынша Ұлы деп ойламаппын. Рахмет, ана!. Менің жүрегіме түскен жарақаттарға сіздің бір ауыз сөзіңіз ем болды. Мен жазылдым. Жара бітті. Менде кек жоқ.

Кедей. *(келеке еткендей боп)* Есберген мырза! Мен енді Қайыптың артынан қуып, істеген ісіне рахмет айтып, өзінен кешірім өтініп келсем қайтеді?..

Есберген. Өкініп тұрсыз ба?.. Бұл шешілсе, сізге азық болар тағы біреуі туындар... Енді сіздер араласпаңыздар бұл іске... *(Бір әйелге Бәбекті көрсетіп тапсырма береді)*. Мына кісі енді сіздің үйде болсын. Бағып-қағындар.

Әйел Бәбекті алып кетеді.

Нөкер жігіт. Ау, халқым-ау! Біз енді ел тентегіне не деп жауап береміз? Өмір бойы арылмас таңба болатын болды ғой. Жесірімізді алып қашқанға рахмет айту деген не масқара!

Кедей. Масқараның көкесін басқалардың ортасына түскенде, аспен тойға барғанда сезерсің, ендігі жерде...

Нөкер жігіт. Кедей батыр! Алжыған Құлшардың айтқанын тыңдаймыз деп бір сүрініп едік, енді от басында көсеу бағып отырған әйел сөзіне ұйып қалғанымыз ба?..

Кедей. Шырағым, бай ағаның ыңғайынан шығып қайда барасың...

Нөкер жігіт. Адам біткеннің бәрі намыстан айрылған ба, немене...

Ашуланып шығып кетеді.

Қарт кісі. Есберген шырағым, мына жас жігіттің шырылына қарағанда ауылыңнан бір шатақ жетісіп, пісіп келе жатыр екен. Ертең қолыңа билік тиген күнде басыңды даудан бос қылмас. Дегенмен, балам, нағашыларың тәуір ел еді. Бойыңда бір жақсы бастаудан нәр алып жатқан тамырлар бар секілді. Үзіп алма. Елге Кедей секілді батыр да керек. Бірақ бәбіт кезде ақыл мен мейірім одан да кереметірек. Алла тағала сенің ниетіңе бергей...

Бетін сыйпайды.

Шымылдық.

11-көрініс. Бәбек пен Есберген.

Оңаша үйде Бөбек пен бір әйел отырады. Есберген кіреді.

Есберген. Біз оңаша сөйлесек пе деп едік.

Әйел кетеді.

Есберген. Мені шақырттың ба? Біздің арамызда әлі күнге айтылар ортақ сөз қалғаны ма?

Бөбек. *(Есбергенге ықыластана сөйлейді).* Есберген мен сенің азамат екеніңді танып, мына өмірден де, адамдардан да көрген қорлықтарым едәуір жеңілденіп қалды.

Есберген. Бөбек! Сенің қара басыңның қорлық көргеніне, жаным қиналады. Бірақ, бір рулы елдің намысын кім жоқтар, жыртысын кім жыртар? Ендігі жерде екі адам егесе сөйлессе бірінші боп біздің елдің адамдарының бетіне соғар шапалақ сенің атың болады... Соған өзімнің де қатысым бар екенін ойлағанда, мен ұяттан жерге кіріп кеткім келеді...

Бөбек. Саған артар өкпем жоқ. Айтар алғысым бар. Білмеппін, азамат екенсің. Кешір мені. Сені, кешірім өтіну үшін ғана, көргім келді.

Есберген. *(Салы суға кеткен Есберген).* Бөбек! Қайыппен алғашқы кеткеніңде бойымды намыс, көкіректі ыза кернеп, кек алуға ант етіп едім. Екінші рет кеткеніңде сол екпінмен тағы қуғаным рас. Бірақ қателесіппін. Екеуіңнің махаббаттарың қызық қуған бозбала ойыны емес екеніне көзім жетті. Осы жолы арттарыңнан қуып, алып келгеніме өкініп отырмын.

Бөбек. Есберген! “Тат темірді кеміреді, қайғы адамды кеміреді” – деген. Мен енді адам болмаймын. Сүйіп қосылғанымнан айрылып, Сені екі рет жерлеп, бүгінгідей адамшылығыңды көріп... Бұ қайғылар мені тез мүжіп бітірер...

Есберген. Мені де кешір. Сені еркіңнен тыс әйел етпек болдым. Баяғы ел айтатын “басына түскесін үйреніп кетеді ғой” дегенге сендім. Қателесіппін.

Бөбек. Шынымды айтсам, егер сіз кезінде келіп, оңашасын тауып менімен сырласқанда, тойды кейін шегіндіргенде, бұлардың бірі болмас па еді... Кім біледі?..

Есберген. Кім білген, бұл жерде кімнен қанша қате кеткенін?.. Бұл өмір сүру деген, кілең қате басу ма деп қалдым?.

Бөбек. Рахмет Есберген. Мен тек қана сенің алдында ұяттымын. Сенен басқа ешкім алдында кінәм бар деп ойламаймын. Өкінбеймін. Мені сен кешіре гөр. Маған енді ештеңе де қажет емес. Менде аз ғана күн тірлік қалды. Қалған күндерді алдамшы сағынышқа арнармын.

Есберген. Осы жолы сіздерді қумағанда, тек қана жалғыз өзім бақытсыз болар едім. Енді бақытсыз жан үшеу болатын болдық.

Бөбек. Кешір мені, мені қарғамашы! Осы әлемде бір кісінің жан

ашырлығын көрем деп дәметсем, оны тап сенен күтпеген едім. Бүгінгі істеген кісілігің мені қайран қалдырды. Пендеміз ғой! Кісі танымайды екенбіз. Кешіре көр мені.

Есберген. Енді екеуміз ошаққа қазан асып, астына от түтетіп отыра алмаспыз. Менен не сұрағың бар?

Бөбек. Қасыма ана қойшы баланы ерітіп мені төркініме жеткізіп таста. Мені қара жерге солар тапсырсын. Қанша дегенмен солардан өнген адаммын ғой, далаға тастамас...

Есберген. Бердім тілегіңді.

Бөбек. Менің қалған ғұмырымда Алла тағаладан өлім сұрағаннан басқа тілегім болмас деп жүр едім. Соған қоса енді тағы бір тілек қосылатын болды. Саған бармақтай бақ бере гөр деп тілеп, өтермін. Кім білген, басқа тілегімді бермесе де, осыны берер... Жігіт екенсің ғой!.. Азамат екенсің... Мен бейбақты кешіре көр!..

Солқылдап жылап, шаршап қалады.

Есберген. Тағдыр осылай шешіпті ғой. Айдай сұлу Бөбектей жарым болады деп мақтанушы едім. Тағдыр біздің қалауымызды істемеді... Өзім де қателесіппін. Анам осы жолы екінші қашқан қызды қума. Олар шын ғашықтар. Кейін есін жинағасын ел қарғайды, іздеме деп көп жалынып еді. Тыңдамап ем. Сен көндігіп кетсең, өткенді ойға алмаспын деп едім... Қателесіппін... Сен де кеш мені.

Шымылдық.

12-көрініс. Қайып әнінің оралуы.

“Ақбөбек-Қайып” уақиғасының ақыры.

Есжан ауылы. Ауыл шетінде баяғы Қайыпқа тігілген қара күрке. Сол үйде арып-ашыған, күтімсіз Ақбөбек. Дина келеді.

Дина. Бөпежан, халің қалай?

Бөбек. Менің халімді қайтесің, өзің жақсымысың? Менің қырсығымнан қорлық көріп жүрсің-ау, жеңеше...

Дина. Өтті, кетті. Енді оны еске алып не қажет... Мені қойшы. Несіне уайымдайсың... Үйім басымда, байым қасымда... Өзің қалайсың?

Бөбек. Жақсымын, жақсылығы жақын секілді.

Дина. Түсінбедім, қандай жақсылық?

Бөбек. Алла менің тілегімді беретін секілді.

Дина. Қорқытпашы мені, Бөпежан... Басың жас... Осы ауырпалықты бір көтеріп кетші... Әлі-ақ, бұ тіршіліктің қызығына тоймайтын боласың...

Бөбек. Тіршілік қызығы деймісің? Әрине тоймаймын. Мен неге қызықтамайын... Қызықтаймын... Қайып айтқан... Жақсы нәрселерді қызықта деп...

Бөбектің өңі бұзыла бастайды. Дина сескеніп қорқа бастайды.

Дина. Бөпежан есіңді жишы. Маған қарашы. Ойпырмай, тағы басталды-ау!

Дина Бөбекті жұлқылып есін кіргізгісі келеді. Бөбек оған назар аудармай кереге басын сыйпалай бастайды.

Бөбек. Керегенің дәл осы басында менің алқам ілулі тұратын. Оны кім алып кеткен?.. А... а-а... Осы жерде менің сәукелем ілулі тұратын. Міне... Міне... Сәукеле табылды... Менің сәукелем ілулі тұр екен ғой... Қалай көрмей жүргенмін. Күнде іздеймін...

Сәукелені алып басына киген болады.

Бөбек. Қайып, қарашы маған, жараса ма мына сәукеле? Ал мынау сен тіккен көксауыр етік қой. Аяғыма қандай жайлы...

Есін жиғандай болып, қолын жайып алақанына қарайды.

Бөбек. Қайда әлгі нәрселер?..

Есін жияды. Бөбектің өзі шошып кетеді.

Дина. Бөбекті құшақтайды. Неге қинайсың өзіңді. Біздермен бірге тұрсаңшы. Ұмыт болар ма еді?..

Бөбек. Жеңеше, тез апамды шақыршы... Тез баршы. Мен шаршап барамын... Сәл дем алайын... Шақыршы... Жүгірші...

Дина асығыс шығып кетеді.

Бөбек. (Бөбек қайтадан жаңылыс сөйлей бастайды). Қайып көзіме енді көрініп келе жатыр еді. Әлгінің бәрін бүлдіргенін қарашы. Ол осы арада жүр. Жасырынады ғой. Ұстап алса баяғыда Кедейдің “жеті мүшеңе жеті жара” деп найзалағанындай, бұлар да найзалайды ғой, оны. Жеті жерінен жара түскенде бір ауырсынбады. Нағыз батыр менің Қайыбым екен ғой...

Үйге қойшы бала кіреді.

Бөбек. Айттым ғой. Ол осында деп, Қайып!..

Қойшы бала. Апа, бұл мен ғой. Қайып аға алыста. Саған әнін жіберіпті. Сізді сағынып жүрсе керек. Жақында келіп қалар.

Бөбек. Ол келем десе келеді. Ол айтқанын орындайды. Кәне қандай ән? Айтып берші... Тыңдайын... Тағы да маған арнап па?.. Жатып тыңдайыншы. Шаршап тұрмын.

Төсегіне жатады.

Қойшы бала. Саған арнапты, апатай, саған арнапты. Апатай сен білсең ғой, естісең ғой! Маңғыстаудың Ойы мен Қыры, Ойыл мен Қиыл, Еділ мен Жайық, қазақтың шексіз байтағы тек қана Ақбөбек әнімен тыныстайды бұ күндері... Аспан асты, Жер үсті Ақбөбегі мен Қайыбының ақ махаббатына бөленіп жатыр...

Бөбек. Рахмет, айналайын. Шаршап бара жатырмын. Бір естіп кетейін. Қайыптың әнін айтшы.

Қойшы бала.

Ақбөбек пәк сезімнің гүлі едің,
Сұңқардай қомдап қанат іліп едім.
Амалсыз ант ұстадым Иран астым,
Бөбегім әнім тірі, өлі өзім.

Текемет ою салса, түр жарасар,
Көктемде қу ағашқа бүр жарасар.
Армансыз өтер еді Қайып сорлы,
Соңғы рет Бөбегіне бір қараса.

Бөбек. Қайып... Қайдасың ғашығым?.. Ынтазарым... Шалқар сезімің жұдырықтай жүрегіңе сыймай, қарақан басың байтақ жеріңе сыймай...

Қойшы бала.

Мен жүрмін жүрегіме сезім сыймай,
Антымды бұза алмадым, төзім сыйлай.
Өзіңді ақырғы рет бір көрсем деп,
Тірлікті әлі жүрмін көзім қимай.

Бөбек. Қайда жүр екенсің?.. Сен енді маған бір қарауға үлгере алмай қалатын болдың... Кешір жаным... Қош... Сенің әніңмен бастап едім мына өмірді... Сенің әніңмен кетіп барамын... Аз өмір сүрсем де ақ махаббатты серік етіп, адал өмір сүрдім... Ешкімді алдамадым... Армансыз кетіп барамын... Қош... Мынау жарқыраған күні бар қара түнек ішіндегі көрген жалғыз жарығым... Қош...

Бөбек үзіліп бара жатады. Қойшы бала басын сүйейді.

Қойшы бала. Апа... Ашшы көзіңді... (қойшы бала жылайды). Апа... Бұның не?.. Жұмбашы көзіңді, апатай?.. Күтпейсің бе, Қайыбыңды?.. Мен екеуіңнің қатар отырғандарыңды көрсем деп

армандаушы едім... Ол міндетті түрде келеді... Апа, Қайыптың әнін айтып берейін бе?.. Тыңдашы тағы бірін айтып берейін...

Қойшы бала жылап орнынан тұрады.

Апатай-ай... Қуаныш пен шаттыққа жаратылған апатайым-ай...
Неге бұлай? Ақ махаббат пен пәк сезімнің өтеуі өлім бе екен?
Неге бұлай?

Құлшар ата!.. Мен міндетімді енді түсіндім!.. Атажан айтқаныңның мағынасы енді жетті жүрегіме!.. Мен енді Ақбөбекті жырлап өтермін!.. Ешқашан ешкім ұмытпайтындай етіп жырлайтын боламын...

Қойшы бала Ақбөбек басын сүйемек болады, басына жастық қоймақ болады. Қайғылы саз күшейе түседі. Жарық күші азая бастайды. Қара түнекте қайғылы саз үні естіліп тұрады.

Сөз соңы

(Сахна жабыларды терме сарынымен орындалып жатады).

Қасиетті Маңғыстау
Ғашықтардың мекені.
Шынайы сезім туғызар,
Осындай дала деседі.
Жырға қостық біз бүгін,
Ақбөбек пен Қайыпты,
Есте қалған кешегі.
Ақбөбек деген бір сөзден
Махаббат лебі еседі.
Қарғыс айтқан бір жан жоқ,
Тиер деп жұртқа кеселі.
Жырлаған сайын сағыныш,
Күннен-күнге өседі.

Адай деген ел едік,
Бабалар әнін жырлаған.

Тыныстайды сол әнмен,
Ғасырдан астам бұл далам.
Өткен деп бір кез осындай,
Ақбөбек дауы шырғалаң.
Бақытын іздеп ғашықтар,
Тап болған жолға бұрмалаң.
Сүйіскен жандар сезімін,
Мақтаныш етіп тұр далам.

Қалың елі, қарындас,
Сөкпеді жастар сезімін.
Өртені жаздап отына,
Махаббат тапқан кезінің.
Шындығы айна бетіндей,
Жыраудың осы сөзінің.

*Шымылдық.
Екінші бөлімнің соңы.*